



Сыр бойы

№161 (21037) 23 қазан, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ӘРБІР КЕЗДЕСУ, ӘРБІР ТАЛҚЫЛАУ ТҮПКІ НӘТИЖЕНІ КӨЗДЕЙДІ

«Ақорда» резиденциясында Әзербайжан Президентін ресми қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт берді. Екі елдің әнұрандары орындалған соң президенттер келіссөз залына барды.

Мемлекеттер басшылары сауда-экономика, инвестиция, ауыл шаруашылығы және көлік-транзит салаларындағы ынтымақтастықты нығайту мәселесін жан-жақты талқылады. Сондай-ақ мәдени-гуманитарлық ықпалдастыққа назар аударды. Тараптар аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Мемлекеттер басшыларына қазақ-әзербайжан мамандарының Орта дәлізді дамыту бойынша атқарып жатқан жүйелі жұмыстары жөнінде мәлімет берілді. Қазақстан Президентінің кеңесшісі Әсел Жанасова Орта дәлізді дамыту жоспарын таныстырды. Бұл – Қытай мен Орталық Азия мемлекеттерімен Еуропа елдерімен байланыстыратын негізгі көлік-логистикалық бағыт.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиевке Қытайдан Әзербайжанға тасымал көлемінің ұлғаюы Орта дәліздің дамуына тың серпін бергені жөнінде баяндалды. Бүгінде жүк Қытай шекарасынан Грузия порттарына дейін 15-18 күнде жеткізіледі. Болжамға сәйкес, 2030 жылға қарай бұл бағыттағы жүк айналымы үш есе артуы мүмкін.

Мемлекеттер басшыларына Орта дәліздің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге, сондай-ақ Еуразиядағы транзиттік рөлін нығайтуға бағытталған нақты шаралар және бастамалар туралы айтылды

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиевтің төрағалығымен Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының Жоғары мемлекетаралық кеңесінің екінші отырысы өтті. Жиынның күн тәртібінде көлік, логистика, цифрландыру, отын-энергетика кешені, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық мәселелері қарастырылды.

Мемлекет басшысы мұндай формат Қазақстан-Әзербайжан қатынастарының ерекше сипатын паш ететінін атап өтті. Келіссөз қорытындысы бойынша президенттер Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының арасындағы Стратегиялық серіктестік және одақтастық қатынастар туралы шарттың қол қойылғанына 20 жыл толуына орай Бірлескен мәлімдеме қабылданды.

Жалпы, Әзербайжан Президентінің Қазақстанға мемлекеттік сапары аясында энергетика, көлік-логистика, цифрландыру, жасанды интеллект, өнеркәсіптік меншік, денсаулық сақтау, статистика салаларындағы және мәдени-гуманитарлық байланыстар бағытындағы ынтымақтастық жөнінде 15 құжатқа қол қойылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев екіжақты келіссөз және Қазақстан-Әзербайжан Жоғары мемлекетаралық кеңесі отырысының қорытындылары бойынша бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған брифинг өткізді.

2-бет

БӘСЕКЕГЕ ЛАЙЫҚ БІРЕГЕЙ ЗАУЫТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев телекөпір арқылы KIA Qazaqstan автомобиль зауытын ашты. Шын мәнінде бұл елімізде машина жасау саласын дамытудағы өте маңызды қадам. Президент еске салып өткендей, осыдан екі жыл бұрын Қостанайға сапары кезінде KIA Sportage автокөлігінің өндірісі іске қосылған болатын. Ал осы күні KIA Motors корпорациясымен жасалған келісімге сәйкес зауыт ашылып отыр.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев KIA Corporation президенті Хо-сунг Сонгқа және компанияға шынайы ризашылығын білдіріп, ауқымды жұмыс атқарылғанын, нәтижесінде өзара тиімді және жемісті байланыс нығая түскенін атап өтті.

жатыр. Соның ішінде автокөлік жасау саласын өзара тиімді ықпалдастық көзі деп айтуға толық негіз бар. Бүгін ашылып жатқан бірегей зауыт – соның айқын дәлелі. KIA корпорациясы автомобиль шығаратын әлемдегі



– Жалпы, бүгінгі айтулы оқиға Қазақстан мен Корея арасындағы стратегиялық серіктестік пен табысты қарым-қатынастың жарқын көрінісі екені анық. Корея Республикасы – Қазақстанның Азиядағы сенімді әріптесі. Біз ынтымақтастығымызды күшейте түсуге мүдделіміз. Қазір Қазақстанда Кореяның 800-ден астам компаниясы табысты жұмыс істеп

10 ірі компанияның қатарына кіреді. Сондай-ақ KIA – Қазақстан азаматтары ең көп сатып алатын үш көлік маркасының бірі. KIA брендінің атауы «көтеріліп келе жатқан» және «Азия» деген екі иероглифтен құралуының символдық мәні бар. Шын мәнінде, компания Азияның жаңа экономикалық өрлеуі мен

гүлденуінің жарқын көрінісіне айналды. KIA – келешектің корпорациясы. Кәсіпорын шығаратын автокөліктерде озық технология, тартымды дизайн және жоғары деңгейдегі сенімділік үйлесім тапқан, – деді Президент.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы KIA компаниясы әлеуметтік жауапкершілік аясында адам капиталын дамытуға белсенді түрде инвестиция салып келе жатқанына тоқталды. Сонымен қатар мемлекеттің машина жасау саласына баса мән беретінін жеткізді.

– Былтыр осы салаға 290 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылды. Бұл – алдыңғы жылмен салыстырғанда екі жарым есе көп. Осы үрдіс биыл да жалғасуда. Жыл басынан бері осы салаға 178 миллиард теңге қаражат салынды. Инвесторлар Қазақстанға зор қызығушылық танытып отыр. Ауқымды шаралардың нәтижесінде бұл бағытта бірқатар табысқа қол жеткіздік. Өткен жылы елімізде 145 мыңнан астам көлік шығарылды. Астана, Алматы, Семей, Орал, Көкшетау, Қостанай және Саран қалаларында автокөлік өндірісіне қатысты кәсіпорындар жұмыс істеп тұр. Он мыңнан астам азаматымыз осы салада еңбек етеді. Оның жартысына жуығы – жастар. Ал Қостанайдағы зауытта бір жарым мың адам жұмыс істейтін болады. Жұмысшылар жаңа дағдыларды игіріп, білікті маман ретінде қалыптасады. Алдағы уақытта кәсіпорын инженерлердің нағыз шеберханасы болады деп сенемін, – деді Президент. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев KIA Corporation президенті Хо-сунг Сонгты II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

«СБ» ақпарат

/// ӨНІР ӨНІМІ



Суреттерді түсірген Нұрболат Нұрмаубай

«DON BATON»: ӨНДІРІСТЕН ДАСТАРХАНҒА ДЕЙІН

Оларға өзіміздің тарапымыздан мүмкіндік бердік. Нәтижесінде ісіміз алға басып, шаруамыз ширады. Қазір біздің өнімдеріміз қаладан бөлек, аудандарға да тасымалданады. 100-ден аса адам еңбек етуде. Енді цех жұмысын одан әрі жандандыру үшін кең ғимарат ашуды көздеп отырмыз, – дейді ол.

Өндірістің технолог-маманы Мөлдір Құрмашова жұмыс барысын көрсетті. Қызығы, «Don Baton»-ның өніміне бір тапсырыс бергеннен кейін тұрақты тұтынушыға айналатындар көп екен.

Алып цех. Жұмыс үздіксіз жүруде. Тәтті мен нан иісі керемет. Өркім өз шаруасына мығым. Епті қолдар тәтті салынған қалыптарды пешке жылдам қойып, бір кезде қызара піскен өнімді пештен шығарды. Нан қорапқа, өзге өнімдер қапталып жатыр. Дайын өнім әп-сәтте көлікке тиеліп, дүкендерге жөнелтілуде. Міне, адал еңбектің арқасында берекелі істің шырайы осылай кіретініне куә болдық.

2-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ – ЕКІ МӘСЕЛЕ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде ақпараттық және телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, жылу маусымындағы өрт қауіпсіздігі шаралары қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Аймақтағы 223 ауылдық елді мекеннің 214-не кең жолақты интернет қосылған, 9 елді мекенде жұмыс жүргізілуде, 208-інде мобильді интернет бар. Қалған 15 ауылда 2027 жылға дейін спутник арқылы интернетке қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

«Қолжетімді интернет» ұлттық жобасымен 73 елді мекеннің 111 мемлекеттік органына, оның ішінде 21 әкімшілік, 44 білім беру, 45 аурухана, 1 метеостанцияға талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу, 129 ауылда интернетті әр үйге дейін жеткізу үшін «соңғы миль» субсидиялауы қарастырылған. Жыл соңына дейін 5G технологиясы бойынша Kcell, Tele2 байланыс операторлары базалық станцияларының саны Қызылорда қаласында 150-ге жеткізіледі.

Облыс аумағындағы «Қызылорда-Жезказған», «Батыс Еуропа-Батыс Қытай»

автомобиль жолдарының бойына 9 антеннадіңгек салу жоспарлануда. Бұл арқылы жол бойындағы ұялы байланыс сапасы артады.

Жылу беру маусымы басталғалы бері өңірде өрт, газдан улану оқиғалары тіркелген жок. Тіпті сала қызметкерлері ерікті жастармен бірлесіп, 14 482 тұрғын үйді аралап, профилактикалық түсіндіру жұмысын жүргізді. Бұған дейін бу қазандығы жапсарлас орналасқан 12 әлеуметтік нысанның 11-інде қазандықтар бөлек ғимаратқа шығарылып, тағы бір нысандағы жұмыс жалғасуда. Сондай-ақ жергілікті бюджет есебінен 484 әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасының тұрғын үйіне көмірқышқыл газы мен өртке қарсы заманауи дабыл құрылғылары орнатылды.

«СБ» ақпарат

ӘРБІР КЕЗДЕСУ, ӘРБІР ТАЛҚЫЛАУ ТҮПКІ НӘТИЖЕНІ КӨЗДЕЙДІ

Мемлекеттер басшылары келіс-сөздер барысында сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге баса мән берді. Екіжақты тауар айналымын жақын арада еселеп, оны бір миллиард долларға дейін жеткізу үшін қажетті шаралар қабылдауға уағдаласты.

– Ауыл шаруашылығы, энергетика, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, цифрландыру салаларында мүмкіндігіміз мол. Қос тарап бірлескен кәсіпорындар құруға ниет танытты. Бұл мәселеде айтарлықтай алға жылжу бар. Мәселен, трансформатор өндірісін іске қосу жоспарланған, тұрғын үй мен инфрақұрылым нысандарының құрылысы жүргізілуде, кеме жасау саласында ортақ жоба пысықталып жатыр. Үкіметтерге осы бағыттарды бақылауда ұстап, қысқа мерзім ішінде Өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықты дамытудың жоспарын (немесе жол картасын) қабылдау тапсырылды. Өзара тиімді жобаларды қаржыландыру мақсатында Қазақстан-Әзербайжан тікелей инвестиция қорының қызметін жандандыруға келістік. Екі елдің іскерлік топтары арасындағы қарым-қатынасты одан әрі кеңейту қажеттігіне назар аудардық. Осы ретте сапар аясында өтіп жатқан Қазақстан-Әзербайжан бизнес форумының маңызы зор, – деді Президент.

Мемлекет басшысы келіссөздер кезінде ірі инфрақұрылымдық, соның ішінде Транскаспий халықаралық көлік бағдары секілді стратегиялық тұрғыдан маңызды жобаларды жүзеге асыру барысы қарастырылғанын жеткізді.

– Былтыр бұл бағытта жүк тасымалдау көлемі 62 пайызға өсіп, 4,5 миллион тоннаға құрады. Биылғы көрсеткіштер де көңілге сенім уялатады, өсім 2 пайызды құрады. Шетелдік серіктестермен бірге шектеулерді жойып, дәліз бойында бірыңғай ұзақ мерзімді тариф орнатуға жұмыс істеп жатырмыз. Бұл барлық бағдар бойынша кедергісіз тасымалдауды қамтамасыз етіп, тиімділікті көтеретіні

1-бет



сөзсіз. Яғни жүк тасымалының көлемін жоспарға сәйкес 10 миллион тоннаға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, порттардағы терминалдардың қуатын арттыруға назар аударылды. Қазақстан Ақтауда контейнерлік хаб құрылысын жүргізуде. Шетелдік, соның ішінде қытайлық серіктестердің қатысуымен Алят портында салынып жатқан жүк терминалының келешегі зор. Келіссөз барысында жүк экспортына арналған жаңа Транскаспий паром жүйесін құру мүмкіндігін талқыладық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Келіссөздерде энергетика саласындағы ынтымақтастықты нығайту маңызды тақырыптың бірі болды. Бұл бағытта екі елдің де әлеуеті мол.

– Қазақстан мұнайын Баку – Тбилиси – Жейхан бағдары бойынша тасымалдау жөніндегі бірлескен жұмысты ерекше атап өткім келеді. Былтыр Әзербайжан арқылы бұл стратегиялық шикізат транзиті бір жарым миллион тоннаға жуықтады. Жақын арада мұны айтарлықтай ұлғайту қажет. Теңіз табанына төсе-

летін электр кабельдері жобасы ұлттық энергия жүйесін дамытуға серпін береді. Бұл біздің «жасыл» энергия экспортындағы позициямызды күшейте түседі. Әзербайжан аумағы арқылы қазақстандық уран өнімдерін шетел нарықтарына жеткізу аясында ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Осы орайда барлық негізгі бастамалар мен жобаларға қолдау көрсеткені үшін құрметті Әзербайжан Президентіне ризашылығымды білдіремін, – деді Президент.

Мемлекеттер басшылары жасанды интеллекттің қарқынды дамып келе жатқанын ескере отырып, IT сектор екіжақты қатынастарға мол мүмкіндік ашатынына тоқталған.

– Қазақстан мемлекеттік қызметті цифрландыруда, IT технологияларды дамытуда тәжірибе жинақтады. Біз осы салада бірлескен жобаларды іске асыруға дайынбыз. Келіссөздер барысында Каспий теңізінің табаны арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жобасын жеделдетудің маңызын атап өттік. Үкіметтерге оны қысқа мерзім ішінде әзірлеу жөнінде

тапсырма берілді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Екіжақты күн тәртібінде мәдени-гуманитарлық саладағы ықпалдастық ерекше орын алады.

– Кейінгі жылдарда екі елде алма-кезек өткен Қазақстан мен Әзербайжанның Мәдениет күндері және Кино күндері айтулы оқиғаға айналды. Бұл бағыттағы жұмысты жүйелендіру үшін Мәдени ынтымақтастық бағдарламасын қабылдауға уағдаластық. Білім мен ғылымды, жастар байланысын дамытудың перспективасы мол екеніне арнайы тоқталдық. Осы мақсатта Бакуде былтырдан бері Қазақстан-Әзербайжан ғылым және білім орталығы қызмет етеді, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ тараптар өңірлік және жаһандық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасқан.

– Біз халықаралық саясаттың барлық өзекті мәселелері бойынша ұстанымдарымыз ұқсас екенін атап өттік. Көпжақты құрылымдар аясындағы жұмысты үйлестірудің маңызына мән берілді. Өңірлік және жаһандық

деңгейде бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға ұмтылатынымызды жеткіздік. Баршанызға белгілі, Президент Ильхам Гейдар оглу Әлиев Президент Трамптың белсенді арағайындығымен Вашингтонда Әзербайжан мен Армения арасында бейбіт декларацияға қол қойып, тарихи миссиясын орындады. Қазақстан мұны ресми түрде құптады. Қол жеткізілген келісімдер Оңтүстік Кавказдағы сенімді нығайтып, жалпыға ортақ өркендеу үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады деп ойлаймын. Жалпы, сапар қорытындысы бауырлас халықтардың игілігі үшін стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухындағы қазақ-әзербайжан қарым-қатынастарын одан әрі дамытуға қос тарап та дайын екенін айқын көрсетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ильхам Әлиев екіжақты байланыстардың жоғары деңгейіне назар аударды.

– Халықтарымызды ортақ рухани-мәдени құндылықтарға арқа сүйеген, ғасырлардан тамыр тартатын достық пен бауырластық қатынастар байланыстырады. Бұл – біздің мемлекетаралық ынтымақтастығымыздың берік іргетасы. Соңғы үш жылда бір-бірімізге оннан аса сапар ұйымдастырдық. Ықпалдастығымыздың қаншалықты қарқынды екенін осыдан-ақ аңғаруға болады. Әрбір кездесу, әрбір талқылау түпкі нәтижені көздейді. Бүгін біз салалық министрліктердің есебі мен келешек жоспарларын тыңдалдық. Жұмыс қорытындысына көңіл толады. Өйткені белгіленген міндеттердің бәрі орындалып жатыр. Мемлекетаралық кеңес аясында қол жеткізілген келісімдер халықтарымыздың игілігіне қызмет етеді, – деді Әзербайжан Президенті.

Қазақстан мен Әзербайжан президенттері Алем.АІ халықаралық жасанды интеллект орталығына барды. Орталықта Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев цифрлық технологияларды дамыту және жасанды интеллектің қолдану жетістіктерімен танысты.

/// КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ҚҰТҚАРУШЫЛАР ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ



Асқар Тоқағамбетов атындағы Мәдениет үйінде 19 қазан – Құтқарушы күні және Төтенше жағдайлар министрлігінің құрылғанына 30 жыл толуына арналған салтанатты көш өтті. Шара аясында келушілерге заманауи құтқару жабдықтары мен техникаларының көрмесі ұйымдастырылды. Сондай-ақ арнайы дайындалған құтқарушылар қызметі туралы бейнеролик те көрсетілді.

Кеш барысында облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов пен Төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін уақытша атқарушы, полковник Мадияр Мырзагелдиев облыстағы барша сала ардагерлері мен төтенше жағдай органдарының қызметкерлерін мерекемен құттықтады.

– Қандай да бір апат, өрт жағдайында құтқарушылардың орасан ерлігі мен еңбегі үлкен құрметке ие. Өздеріңізге белгілі, осы жылы аймақта орын алған су тапшылығында да төтеншеліктер көмекке келгенін баса айту керек. Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері өз техникаларын пайдалана отырып, егісті қуаншылықтан сақтауға үлестеріне аямады. Сіздер адал еңбектеріңіз мен үлгілі істеріңіз арқылы мемлекет пен қоғам алдында әрдайым құрметке ие болып келесіздер. Сын сағатта да біз өздерімізге сенім артамыз. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан өлшеусіз үлестеріңіз үшін шынайы алғыс білдіремін, – деді Д.Жаналинов.

Шарада сала ардагерлері мен құтқару қызметінің өкілдері облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатпен марапатталды. Сонымен қатар, қызметін мінез атқарған қызметкерлерге «Азаматтық қорғау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі мен Төтенше жағдайлар министрлігінің құрылғанына 30 жыл» мерекелік медалі табысталды.

Салтанатты шараның соңы өңір өнерпаздары мен облыстық Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлерінің концерттік бағдарламасына ұласты.

Айта кетейік, кейінгі 30 жылда құтқарушылар көмегімен мыңдаған адамның өмірі құтқарылған еді. Жүздеген өрт сөндірілді. Ондаған ірі төтенше жағдайдың салдары жойылды. Ал жыл басынан бері облыс құтқарушылары 410 адамды түрлі қауіптен арашалап, 171 адамды эвакуациялаған. 248 зардап шегушіге дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсеткен.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

/// БРИФИНГ

ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА ҚЫЛМЫС АЗАЙДЫ

Жыл басынан құқықбұзушылық 1,3 пайызға төмендеген. Оның ішінде ұрлық, тонау бәсеңдеген. Жалпы өңірде қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Сонымен қатар қоғамдық орындардағы, көшедегі қылмыс азайды. Қылмысты ашуда өсу тенденциясы қалыптасқан. Бұл туралы облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полковник Серік Тоқтыбаев бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған брифингте айтты.

– Облыс көлемінде «Түнгі қала», «Квадрат» күнделікті рейдтері жүргізіліп, 9671 құқықбұзушылық анықталса, қаңғыбастық пен кезбелікке салынған 275 жасөспірім бейімдеу орталығына, бір кәмелетке толмаған бала Абай облысындағы ерекше режимдегі мектеп-интернатқа орналастырылды. 203 жасөспірім, 178 қолайсыз отбасы есепке алынып, олармен жеке-дара профилактикалық жұмыс ұйымдастырылуда.

Қылмыстың өсуіне жол бермеу және алдын алу үшін жаяу нарядтарды көбейттік. Криминалға аймақтарға локалды жедел шаралар жүргізілді.

«2024-2026 жылдарға арналған ұрлыққа қарсы іс-қимыл» бағдарламасы негізінде тиісті профилактикалық шаралар ұйымдастырылды. Бөтеннің мүлкін ұрлау 50,5%-ға азайып, ашылуы 9,6%-ға жақсарды. Жедел іздестіру шаралары нәтижесінде мал ұрлығымен айналысқан 5 қылмыстық топтың әрекеттері әшкереленіп, олардың 25 мал ұрлығын жасағаны анықталды, 75 ұры құрықталды, – деді С. Тоқтыбаев.

Бүгінде алаяқтардың айналасына құрық

бойламай тұр. Құқық қорғау органдары қызметкерлері 5 мыңнан астам алаяқтық белгісі бар сайт пен сілтемені анықтап, бұғаттау үшін «Кибернадзор» жүйесіне енгізді. Әлеуметтік желілерде арнайы бейнероликтер жариялап, дропперлерге қатысты енгізілген жаңа заң нормаларын кеңінен түсіндіруде.

Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл саласы 237 құқықбұзушылықты, оның ішінде 95 есірткі қылмысы және 142 теріс қылмыс анықтаған. Заңсыз айналымнан 1 тонна 570 килограмм есірткі заты тәркіленді. Үй жағдайында сора өсімдігін өсіретін 5 фитоцехтан табылған. «Меф» және «a-PVP» синтетикалық есірткі затын аса ірі мөлшерде тасымалдаған Қызылорда және Маңғыстау облыстарының тұрғындары ұсталған.

Күнделікті нарядтарда көпқабатты үй ауалары, гараждар мен құрылыс аумағы тексеріледі. Жедел басқару орталығының бейнекамералары арқылы шолу жасалады. Бұл арқылы есірткі жарнамалайтын граффити суреттер азайған. «Кибернадзор» ақпараттық жүйесіне синтетикалық есірткіні жарнамалайтын 1120 сайт енгізіліп, бұғатталған.

«DON BATON»: ӨНДІРІСТЕН ДАСТАРХАНҒА ДЕЙІН

– Тек тапсырыспен қана жұмыс істейміз. Мұнда 6 цех бар. Алдымен нан пісіретін цехтың жұмысын көрсетейін. Бұл жерде ер азаматтар еңбек етеді. Өйткені жұмыс ауыр. Нанның бір ғана түрі – бөлке пісіріледі. Төрт пеш бар. Бір пештен 120 нан шығады. Сонда бір салғанда 480 нан дайын болады. Бағасы 90 теңге, салмағы 450 грамм. Төрт аға қызметкер бар, олар негізгі жұмысқа жауапты. Ал көмекшілер дайын қамырды қалыпқа салады. Наубайхана үздіксіз жұмыс істейді, күндізгі және түнгі ауысым бойынша. Күнделікті 10 мың бөлке өндіріледі. Сонда 1,5-2 тонна үн қолданамыз. Ең бірінші ұнның сапасына мән береміз. Жеткізу қызметі қарастырылған. Әр цехтың қоймасы, өнімді дайындайтын орын, бәрі қамтылған, – дейді ол.

Одан кейін қатпарлы қамырмен жұмыс істейтін цехты көрдік. Мұнда круассан, печенье, бәліштер пісіреді. Тәттінің сан түрін жасайды. Бұл цехта 10 адам еңбек етеді екен. – Барлық тәтті алдын ала дайындалып, тек уақытында пісіріледі. Осылайша тапсырыс берушіге ыстықтай жеткіземіз. Техниканың бәрі де заманауи. Қамыр илейтін, қатпарлы қамыр дайындайтын құрылғының мүмкіндігі мол. Біздің күнделікті дастарқанға, қонаққа қойып жүрген тәттілер қаншама маманның еңбегінің арқасында дайын болады. Мәселен, бір круассанның дайындау әдісі әрі құпиясы бар. Оны кез келген адам істей алмайды. Сол

1-бет

себепті мамандардың еңбегі зор. Өзінің шеберлері. Келесі цехта нанның сан түрі жасалады. Ашытқысыз нан, кара нан, батон сынды 50-ден аса түрі дайындалады. Мұнда 8 адам жұмыс істейді, таңғы және кешкі ауысымда. Бұл өнімдерге де сұраныс өте жоғары. Әсіресе, оның ішінде ашытқысыз нанға тапсырыс беруші көп, – дейді М.Құрмашова.

Цех жұмысымен танысу барысында ол бізге қызметкерлері тәжірибе шыңдап, біліктілігін арттыру үшін арнайы оқу курстарына жіберілетінін айтты. Тіпті Ресейге дейін барып, сондағы технолог мамандардан білім алып келгендер бар. Бұл үрліс жалғаса бермек.

– Мына пеш Германиядан әкелінген, – деді енді бірде технолог-маман. – Сапасы жоғары. Өнімді жақсы пісіреді. Ал, мына цехта төрт сынды тәттінің қоспасы, қамыры дайындалады. Бір сөзбен айтқанда, креммен жұмыс істейді. Бұл жерде 9 адам еңбек етеді. Торттың 5-6 түрін шығарамыз. Әрқайсысынан 40-50 шақты дайындалады. Таңғы бесте басталатын жұмыс ыстық әрі балғын өнімді уақыт оздырмай дүкендерге жеткізумен бағалы. Мәселен, Байқоңыр және оның жолындағы ауылдарға да осы цехтың өнімі барары екен. Алдағы уақытта Жаңақорғанға жеткізу ойда бар.

«Don Baton»-ның әлеуметтік желідегі парақшасы да белсенді жүргізіледі. Онда тауар туралы ақпарат тұрақты беріледі.

– Жаңа өнім шықса, міндетті түрде тұ-

тынушыларға ұсынамыз. Ұнап жатса, тәттілер қатарына қосамыз. Сондай-ақ мұнда тағы екі цех бар. Бірінде ет, тауық еті және көкөністерден самса, қатпарлы нан сынды өнімдер пісіріледі. Бұл – үлкен цехтың бірі. Себебі онда 15 адам еңбек етеді. Жалпы 30-дан аса өнім дайындалады. Бұл өнімге сұраныс қашанда жоғары. Екінші цехта салат дайындайды. Салаттың 15-20 түрін шығарады. Дүкеннен бөлек жиын-тойларға да тапсырыс қабылдаймыз. Ал, соңғы цехта жұғайтай дайын өнімдер бар. Мұнда 10-нан астам түрі ұсынылады, – дейді технолог-маман.

Мәлдірдің өзі мұнда еңбек еткеніне төрт жыл болған. Алғашқыда наубайханашы болып жұмысқа орналасып, кейін алғырлығының арқасында технолог мамандығын игерді. Қарағанды, Алматы қаласында және Ресейге барып, біліктілік курсынан өтіп, білім алды.

Иә, ол кәсіпті бірден ашып, табысқа жеткен жоқ. Жобасын құрды, шаруасын бастады. Кейін «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығының көмегіне жүргінді. Жобасы қолдау тауып, қаражатқа қол жеткізді. Берілген қаржыны мақсатты жұмсады. Нәтижесінде ісі алға басып, кәсібі кеңейді. Жұмысшы қатары артты. Өнім түрі көбейді. Қысқасы, ынта-ықылас пен еңбек енесін көтерді.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Шығармаларына арқау болған оқиғалардың дені өзі туып-өскен, өзі оқып, білім алған ортадан өрістейді. Кейіпкерлері де солай. Алыстан арбалап, киялдан құрастырып жазатын жазушы емес. Өзі туып-өскен Шиелі ауданы, Ыбырай Жақаев ауылы (1997 жылға дейін «Қызыл ту») мен жоғары білім алған, кейінгі өмірі өтіп келе жатқан Алматы қаласы жазушы шығармаларындағы жағрафиялық мекендер.

Қай туындысынан да жәбірленген ұлттың мұны аңғарылып тұрады. Оқырманын сол арқылы

Жазушы Қуандық Түменбай өзінің прозалық шығармаларына көбіне қазіргі күннің оқиғаларын арқау етеді. Тарихты қопарып, қиыннан қиыстыруға аса әуес емес. Әлдеқандай бір идея айту үшін болмағанды болды қылуға әдеттенбеген. Кез келген шығармасынан әркімге жете таныс оқиғалар жатдана өріліп көз алдыңа көлбеп келеді. Тыңнан тақырып іздеп тыраштану оның табиғатында жат. Тақырып деген, оқиға деген өзін қоршаған ортада жетіп артылады. Бәрі де жазуға тұрарлық жайттар. Жазушының оны тез тани қоятын қаламгерлік көзқарасы ұшқыр.



қайрайды. Отаншылдыққа, мемлекетшілдікке үндейді. Діттеген ойлары кейіпкер аузымен айтылады. Оқыған кісі оның жазу мәнерінің де өзіне ғана тән екенін аңғарармай қалмайды. Демек бұл да оның өзіндік бір ерекшелігі. Прозаның қалыптасып қалған классикалық шарттарына кейде бағына да бермейді. Сонысымен де ол өзінің соқпағын салуға ұмтылғандай әсер қалдырады. Осы жолда қаламын еркін сілтеп, түрлі мәнерге де салып көргені аңғарылады.

Кейіпкерлері де қарапайым адамдар. Кейде олар аңқылдап отырып, қоғамның кемшілігін бетін бар, жүзін бар демей, лак еткізіп айтып, сынап тастайды. Кейбір кейіпкерлерінен жиынтық образды көресің. Қайсыбір кейіпкері өзіңнің өмірде бар танысын болып шығатыны қызық.

Мәселен, «Кітап қалашығындағы оқиға» әңгімесіндегі Жапардың бейнесінен Қайырбек атты өз сыныптасымды көргендей болам. Қайырбек мектеп бітірген соң оқу іздемей, қой бағып кеткен кітапқұмар жігіт. Өне бір жылы ауылға барғанымда сол сыныптасыма ұшырасып қалғаным бар. Сонда ол көрші ауылдың қойшысы боп жүргенін, өріске шыққанда жайылған қойдың соңынан салпақтап ере бермей, бұтаның көлеңкесінде отырып алып кітап оқитынын айтқан еді. Сол ауылдың кітапханасында бар прозалық кітаптарды түгелге жуық оқып тауысыпты. Қазақ қаламгерлерінің кейбірін мақтап, кейбірін тіпті аяусыз сынағаны қызық. Онжылдық мектептің өзін «үштікпен» зорға бітірген қойшының мүйіздері қарағайдай-қарағайдай жазушылардың роман-повестерінің кемшілігін дөп басып, дұрыс сынауы мені қайран қалдырды.

«Кітап қалашығындағы оқиға» әңгімесінің бас кейіпкері Жапар техникум бітірсе де мамандығына сай жұмыс таппай, көше сыпырушы болып, жан бағып жүрген жан. Өйтсе де оқымағаны жоқ. Кітапқұмар. Сондықтан көшені бірге сыпыратындардың оған қойған аты – «Оқыған азамат». Осы оқыған азаматтың аузымен қазақ, орыс, шетел жазушыларының аты-жөндері, шығармаларының атаулары аталады. Сол шығармалардағы ұмытылмас ұтымды сәттерді жанында жүрген істес-жұмыстастарына аузы жабылмай әңгімелеуден шаршамайды. «Кітап қалашығы» атты кітап дүкеніндегі қызметкер қызбен танысып, ғашық боп қалғанда Шал ақынның «Кеуден – ана, бөксең қыз, зайыбым-ай!» деген өлең жолы ойына сап ете қалады. Одан әрі Ақан серінің «Сенің мынау кеудеңе, шыбын қонса да қызғанам» деген сөзі есіне түседі.

Марина атты сол қызға:
...Әйел болдың амал жоқ,
Егер де еркек болғанда,

Болар ең тұтқа бір жұртқа, – деген Қобыландының сөзін айтқысы кеп кетеді. Бұдан оның көкейіне тоқып оқитын құймақұлақ оқушы екенін танысқан. Ақыр аяғы қалың кітап арасында жүрсе де, ол қыздың кітап бетін ашпайтынын білгенде «Бұлар кейіпкерлермен сырласа алмайды», – деп, өкпелеп қалады. Әңгіменің де айтары осы. Кейіпкердің кейіпкерге айтқаны, жазушының кітап оқудан қала бастаған қазакқа ескерткені деп ұғамыз. Осы әңгіме оқушыны кітапқұмарлыққа құлшындырады. Жапардың көше сыпырушы болса да, рухани бай жігіт екенін ойлағанда қолына кітап алмайтындарды шын мүсіркейсің.

Кітапқа байланысты тағы бір әңгіме – «Әлем әдебиетімен қоштасу». Бар болғаны кітаптың жеті бетіне сыйып кеткен шап-шағын әңгіменің оқиғасы шымыр. Айтылмақ ой – жебірей мен қазақтың кітапқа деген көзқарасының қандай екендігі.

Аупарткомның бірінші хатшысы Омардың мамандығы мал дәрігері болғандықтан ба, әйтеуір көркем әдебиетке шорпақ. Алқалы жанындарда әдебиет жайлы сөз қозғалса, аудандағы бірінші кісі болса да іштен тынып, көсемдігін көрсете алмай, үнсіз қалуға мәжбүр.

Содан ол намыстанып, Алматыда тұратын ака-демик танысының мысқылынан соң «Всемирка» – «Библиотика всемирной литературы» сериясымен шыққан 200 том кітапты бір жебірейден мың сомға сатып алады. Жебірейдің әйелі екеуі «Всемирка-мен» жылап қоштасатын тұсы шынайы суреттелген.

Ал барлығын қосқанда 163 келі тартатын 200 томды пойызға салып, үйіне тасып алған Омар қайтеді? 200 кітаптың бетін де ашпайды. Онымен қоймай, жалғыз ұлының Желтоқсан көтерілісіне

қатысып, жеті жылға сотталып кеткенін, сол үшін қызметінен айырылғанын осы 200 том кітаптан көреді. «Еврейлер бар бәле-жаласын бізге тастап кетті-ау», – деген ойдан арыла алмайды. Сөйтіп оны сатып, құтылғанша асығады.

«Всемирка» өз уағында айтулы оқиға болған. Оқырман оған алдын ала жазылумен ғана қол жеткізе алыпты. Екі рет 300 мың данамен басылып шыққан осы топтаманы алдын ала тапсырыс беріп сатып алған қазақ көп. Енді сол «кітапқұмар» қазақтың ұрпағы өзіміздің қазынамыз – жүз томдық

Жазушы қазақтың ежелгі дүниетанымдық түсініктердің ел-жұрттың санасынан өшірілмей, жадында қалып қойғанын кейіпкер сөзімен тағы бір еске салып, жаңғырта кетуді ұмытпайды. Мәселен «Төрт амал тіршілік» ыйқаятында «...ар-қасы ұстаған бақсыдай» деген сөйлем бар. Іә расында бақсының арқасы ұстайды. Мәселенің мәнісіне бойламағандар «жыны ұстаған бақсыдай» дер еді. «Жын» арап сөзі, түркі дүниесіне исламмен бірге кейін келген ұғым. Бақсы (дұрысы бақшы – Н.С.) исламнан әлдеқайда бұрын болған, ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның сөзімен айтсақ, Тәңірінің елшісі.

Осы ыйқаятында Саттар атты қарт кісі: «Күн бейсенбі. Аруақтар келетін күн!» – дейді. «Ішкен-жегеніміздің бәрі аруаққа тие берсін», – депті тағы «Оқ» атты ыйқаятында. Жазушының мензегені ежелгі бабаларымыздың дүниетанымы. Түпкі мәнін жадынан шығарып алса да, түйсігінде қалған осы сөз әр қазақтың жүрегіне жақын. Бейсенбі күні майдың иісін шығарып, аруақтарға арнап жеті құлше пісіреді. Ыстық майға қуы-



рылған жеті құлше іле жеті үйге таратылады. Күлшені алған кісі: «Тәңірі тілеуінді берсін!» деп, тілек айтады.

Жаны көк төріне самғап кеткен жакыны болса, қырық күндігіне дейін әр бейсенбі сайын еске алып, бейшенбілік жасайды. Оны «бейсенбілік» демей, әлдебір түйсікпен «бейшенбілік» деуіміз тарихының тым әріде екенін мегзейді. Ежелгі бабаларымыз «кісі» емес, «кіші», «бес» емес, «беш» деген. Бейшенбілік те содан қалған сілем, өтешағы тым әріде. Кейбір түркі жұртында әлі күнге дейін – бейшембі. Негізі бұл күннің одан да байырғы атауы – «Тәңірі күні». Бұл атауды кейін орныққан бейшембі сөзі ығыстырған. Қазақтың ежелгі түсінігі солай. Қазақ ежелгі бабаларының осы түсінігін ұмытпай құрметтейді, қадірлейді және бұлжытпай орындайды. Ежелгі түркі жұрты қазіргі біз сияқты аптаның бесінші күнін емес, осылайша аптаның төртінші күнін қастер тұтқан. Төртінші күн – аптаның кіндігі, алды-арты тең. Тепе-теңдік Тәңірінің тәртібі. Тәңірі ұғымынан бірнешелеген сөз туындайды. Соның бірі – «тең» сөзі. Біз Тәңірі деп қалыптастырғанбыз. Әйтпесе Күлтегін тас жазба ескерткіштерде – Теңр k1T1 түрінде жазылған. «Тие берсін» жоралғысының өтешағы (тарихы) жыл санауымыздан да бұрынғы дәуірлерде жатыр. Бұның бәрі дүние туралы ежелгі бабалар түсінігінің құрметі үшін жасалады.

«Философия» әңгімесінде: «...топырақтан тұмар ілді» деген сөйлем бар. Топырақ дегеніміз Тіңіріне аттанған ата-бабалардың аруағы. Яғни адам өлген соң топыраққа айналмақ. «Тәңірі кіші оғлының сүйегін қамыстан, денесін балшықтан жаратты» деген өте ежелгі сақ, ғұн дәуірінен қалған аңыз бар. Бұл «Алла сендерді топырақтан жаратты» деген Құраннан да бұрынғы түсінік. Біз – тірілер қайтыс болған жақынымызға бір уыс топырақ салуды міндет санаймыз. Бұл қайтқан кісіні ата-бабалар аруағымен табыстыру жоралғысы. Тағы да Күлтегін тасында «Өд теңрі йашар. Кіші оғлы көп өлгелі төрүміш» – «Тағдырды Тіңірі жасар, кіші баласы түгел өлгелі жаратылған», – деп жазылған. Жерді (топырақты) қадірлеу, жерді сатпау осыдан кеп шығады. Ежелгі бабаларымыз жорыққа аттанғанда мойнындағы тұмарына туған жердің бір шөкім топырағын түйіп алатын болған. Мерт боп, жат жерде қалған жағдайда бабалар аруағымен оңай табысу үшін. Кейін ғой тұмардың ішіне жазу жазылған қағаз салып қоятын жат әдеттің жабысқаны.

Алматыда тұратын қазақтың көпшілігі-ақ ауылдан келгендер. Олардың ішінде біз де бармыз. Кей-кейде балалық шағымыз өткен қияндағы ауылымызды сағынамыз. Аңсаймыз. Реті келсе сонда тартып кеткіміз келеді. Жазушы да солай. Ол сомдаған кейіпкерлерінің бірқатары ауылдан қалаға қоныс аударғандар. «Төрт амал тіршілік» ыйқаятындағы Саттар, «Үпелек» әңгімесіндегі Оқап осы топтың адамдары. Ал енді бұлардың туған топыраққа деген сағыныштары сұмдық. Алматыға біржола көшіп келген соң үш ай өткенде ауылына барған Саттар мен орыс қатын алғалы туған жерге табаны тимеген, тек әйелі өліп, өзі жетпістің жалына жармасқанда ғана елге жеткен Оқаптың туған жердің әрбір бұтасы мен әрбір тасына есі кетіп, елжірей қарауын шебер суреттеген. Бәрі де өз басынан өткен жағдай ғой. Осы тақырыпты толғаған әңгімелерінде қалалық болған ауыл адамының психологиялық хал-ахуалына мән береді. Ауыл мен қаланы теңестіру деген бұрынғы идеяның бос сөз екенін оқушы санасына оқиғалар арқылы жеткізуі иланымды. Ыйқаяттың түйінін атауы айтып тұр. Тәңірі адамнан адамды айырады, адамды адамға қосады. Адамды адамнан бөледі, адамды адаммен көбейтеді. Осы төрт амалдың мәңгілік қайталанып келіп отыруын жүрім (өмір) дейміз. «Қосу, алу, бөлу, көбейтсүз өмір жоқ». «Төрт амалымыз түгел болса көптен қалмаймыз» дейді «Төрт амал тіршілік» ыйқаятындағы математик ғалым Жапал.

Қаламгер Қуандық Түменбайдың жиыр-машақты том болатын шығармалар жинағын оқу барысында осынау өмірдің дүрс-дүрс еткен жүрек соғысын сезініп отырасың.

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ,
жазушы,
республикалық «Таң-Шолпан»
әдеби-көркем,
көпшілік журналының бас редакторы

ҚАРА СЫРНАЙ

Көріп пе едің қазақтың даласын ай,
Басқан бәрін бауырына баласындай,
Домбырам жалғызсырап
жүрмесін деп,
Қасына қосылыпты қара сырнай.

Қара сырнай?!
Айтындар егесі кім?
Ашқан кім сырлы сазға тор есігін.
Қара сырнай кей-кейде сыңиды екен,
Сағынып саусақ ізін егесінің.

Сырлы саз жүрегіңе жетеді ме?
Біреу жүр жын-шайтанның жетегінде.
Нартайдың аруағы жетпей тұр-ау,
Домбыра мен сырнайым екеуіне.

Қашаннан қас өнерім ортаймаған,
Бойыңда буынды би, балқаймақ ән.
Үкілі домбырама үрдей қылып,
Сырнайдай сұлу ерткен Нартай бабам.

Ақырын аруағының арыстаны,
Өнердің ерен туын сан ұстады.
Жүрегімде жаңғырып жүр әлі де
Мәскеуді дүр сілкінткен дауыстары.

Сахнада сән құрып өзге жерде,
Көктем келіп қонатын көздеріне.
Сиқырлы саз, жататын сырлы жұмбақ
Айтыстағы алапат сөздерінде.

Сырнай тілі баурайтын сыртқа шығып,
Бусанатын бауырына бұлт та суық.
Бірде дауыл, ал бірде жауындатқан,
Нарекеңе қарайтын жұрт табынып.

Жыр шыға ма жүректен жан қысылмай,
Шалт қайырған мұртының
шалғысын-ай.
Бұрылдайды өлеңнен өзгеге енді,
Шырылдайды тіршілік – таң құсындай.

Арғы атаның тарихын жаттатады,
Бергі буын ғұмырын аттатады.
Кейде жүзі жігіт боп бал-бұл жанып,
Кейде шал боп береді ақ батаны.

Көкірегіне өрлдің де талап қонып,
Отыратын бәріне жауап беріп.
Қанатына ұқсайтын қара сырнай,
Көрген кезде кетуші еді шанақ болып.

Ән қандай,
Көмей қандай,
Сырнай қандай!
Бусанып бар тіршілік бүр жарғандай.
Барлығын бір адамға бере салған
Болады кейде мырза бұл жалған бай.

Мен көрмей өссем-дағы Нарекемді,
Осылай елестеп ән-әкемді
Ән мен күй,
Талап пен бақ мекеніне
Жүрекке сіңіп қалған жол әкелді.

Көктем мен жазы, қысы, күз есінде
Екеуден-екеу қалған тұз есінде.
Көрдіңдер ме мәңгілік ажырамай
Қара сырнай қоныпты тізесіне.

Қара сырнай,
Нарекеннің бауырына баласындай.
Екеуінің жарасқан жұбы ғажап
Басынан бақ астынан тақ асырмай.

Екеуден-екеу қалып ой кешеді,
Екеуден-екеу қалып сөйлеседі.
Ел кешегі есіне түсе ме екен
Түсе ме екен думанды той кешегі?

Айналған аруақты елдің қымбатына,
Ән мен саздың тозбайтын дүр затына.
Табиғат туыстырған қасиеттім
Тобынам екеуіңнің сымбатыңа.
Малынам маңындағы жырга тұма!

Оразәлі БАЙДІЛДА



/// ҰЛБИКЕ ЖАНКЕЛДІҚЫЗЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 200 ЖЫЛ

Мандайында өленнің ұясы бар...

Петербургте 1870 жылы ғалым В.Радловтың «Образцы народной литературы тюркских племен» деп аталатын қалың кітабы басылып шықты. Аталған кітаптың 33-38 беттерінде Жанкелдіқызы Ұлбике мен Көшекұлы Күдерінің айтысына орын берілген. Күдері қожамен айтысында ақын қыз жаңа көшіп келген жерін өлеңмен келістіре кестелейді:

– Төменнен жеті көшіп өрге келдік,
Жеті әулие жайлаған жерге келдік...
Мұндағы «Жеті әулие» дегені ол Қаратаудың Баба ата тұсындағы ежелгі қонысты аймақ. Ал енді ауылдың жеті қонып, көшіп келген төменгі жері ше? Өлең жолдарында бірде «Көкөзек», екіншісінде «Талас бойы» үшіншісінде «Келес жағасы» деп аталады. Бұдан бір ғасыр бұрын өткен көшпелі халықтың қонысын дәл пәлен жер деп айту қиын. Олар көбіне өз рутайпаларының атымен белгілі болған. Бұл жөнінде Күдері қожаның айтысында анық көрсетілген:

– Атан түйе жарысар нар дегенге,
Айран асыр қаламын жар дегенге.
Айтсқалы келіп ем тойларына,
Ошақтыда ақын қыз бар дегенге...
Бірде елдегі атқамінер бір бай кісі үлкен ас беріп, көкпар шаптырып, балуан күрестіріп, ақындарды айтыстырады. Сол айтыста Ұлбике қарақалпақтан келген Жанкел ақынмен айтысады. Ұлбике басым түсіп, Жанкелдің әлтектәлтегін шығарады. «Бөріктіңің намысы бір» дегендей, кермеде шабыс тілеген бәйге атындай тыпшырыған Күдері ақын Жанкелге: «Сауға, сауға, Ұлбикені маған бер, мен айтысайын!» деп өтініш білдіреді. Сонда Жанкел: «Алсан ал, отырған орныммен бердім саған» дейді.

Сонда Ұлбике:
– Жанкел-ау тілін айыр, жағың жалпақ,
Мына бір сенің сөзің шықты-ау шалпақ.
«Орныммен Ұлбикені бердім» дейсің,
Билей ме, ошақтыны қарақалпақ! – дейді де Күдеріге қарап:

– Күдері қожа арғы атаң дуана ма,
Қатының туса перзент қуана ма?
Күдері-Күдері дегенге күдірейіп
Қатындарды сен босқа дуалама! – депті.
Күдері қожаның ақындығымен қатар толғағы қатты келген әйелдерді дұғаның күшімен онай босандыратын да қасиеті бар екен. Соньмен қатар қыз-келіншектерді де дуаның күшімен қарсы сөйлетпейтін өнері бар көрінеді. Ұлбике соны меңзеген екен...».

Жазушы-журналист, Мәдениет қайраткері М.Төлепбергennің «Ақиқат алдында» кітабында:

«Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қолжазба мұрасында былай деп жазылған: «Күдері қожа әкесіне Ұлбике ақынды тоқтататын бір ауыз сөз тауып бер» депті. Сонда әкесі «29 ғарипті бір-ақ ауыз өленге сыйғызып айт, екі ғарипті қалдырып кет, соның қалғанын Ұлбике ақын білсе, одан әрі айтыспай-ақ қой. Оның өкпесінде өлең жазылған» депті.

Күдері қожа:
– Ұлбике, мұсылман білу парыз – шариғатты,
Оқыдың ба әліпби, әбжатты?
Әліпбиді шетінен мен айтайын,
Қай қаріп, қалып қойса соны тапшы! – деп «әліп, би, ти» деп шетінен судыратып барып тоқтаса керек.

Сонда Ұлбике:
– Күдері, өлең айттың, кітап аштың,
Жау қуды ма, асығып, неге састың?
«Шың» мен «жымды» қалдырып қара басып,
Құранды аяғына неге бастың?
Күдері қожаның осыдан кейінгі айтқандары сырт тыңдаушыларға оның Ұлбикенің діни сауаттылығын мойындағандығынан барып, оны қызға сөзге тартудан туындаған өлең шумақтары секілденіп көрінеді:

Күдері қожа:
– Ұлбике-ау, мұсылмандық жолы қатты,
Жаттапсың әліпби мен әбжатты
Қолыңда жайып жүрген кітабың жоқ,
Оқымай қайдан білдің шариғатты?
Ұлбике:
– Сен-ақ біл, әліпби мен әбжатты,
Мұрнын «әліп» болғанда, қасым «мәт-ті». Көкірегім – кітап сөзі, тілім – Құран,
Мен сенен үйренбеймін шариғатты!
Күдері қожа:
– Бес уақыт намазды бес оқимын,
Памдатты ерте, құтпанды кеш оқимын
Ұлбике, ақын болсаң айта қойшы:
Жылына намазды неше оқимын?
Ұлбике:
Бес уақыт намазды бес оқисыз.
Памдатты ерте, құтпанды кеш оқисыз.
Тақсыр-ау білмесеңіз намазыңды
Жылына мың сегіз жүз екі оқисыз! – деп жылына бір-бірден екі рет оқылатын айт және құрбан айт намаздарын да қоса айтып таңғалдырған көрінеді.

Сондай-ақ М.Төлепберген осы кітабында Ұлбике ақын жайлы зерттеулері мен ой-толғауын барынша ашық және еш бүкпесіз батыл баяндаған.

«...Осы жұрт Ұлбике ақынды біле ме екен?...Біз Ұлбике ақынның артында қалған мұрасын жинастырып, оның тағылымын жұртқа жеткізуде көрнекті ғалым Мырзатай Жолдасбеков, тараздық журналист Әкпарбек Доспамбетов, әдебиетші-ғалым Сәрсенбі Дәуітұлы, профессор Жанқара Дәдебаев, жас ізденуші Баян Мұратазеева және Ізімкүл Иманбекованың шама-шарқынша көп еңбек сіңіргенін сөз басында-ақ айтуды жөн санадық. Ел аузындағы



әңгімелер мен архивтегі қолжазбалар оның ақындығын ерекше таңдалды. Оқыған сайын сүйсінесің. Кереметіне келесің. Басқа да өлең-айтыстарын айтпағанда Ұлбике ақын бізге жеткен азды-көпті шығармаларымен-ақ қазақ әдебиетінде лайықты орын алып, оқулықтар бағдарламасына да енуі керек еді».

XIX ғасырдың орта тұсында елдің игі жақсылары Талас өзенінің төменгі жағасында өмір сүрген Ұлбике ақынның айналасында бүр жарған гүлдей жайнаған Шүңкей, Хадиша, Айымторы, Назым, одан беріде Қалыбек, Исабек, Жаңылдық, Қарақожа, Төреқожа, Құдайберген тәрізді бірін-бірі жалғастырған ақындар ауылынан намысқа шабатын қуатты сөздің де, өнерге бақ тілеген ниеттің де болуына қатты мән берген. Өкінішке қарай, олардың артында қалған мұрасы ауыздан-ауызға айтылғаны болмаса, қағазға түспеген.

Иә, Ұлбике өз ажалынан өлген жоқ. Қатал тағдыр оны аямады. Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның Ұлбике ақын тағдыры хақында:

– Он екі жасына дейін тілі шықпаған бүлдіршінің алғашқы үні өлең сөзбен ашылғаны аса биік Құдіреттің ісі. Ұлбике – поэзияның ақ періштесі. Періште жүрген жерде қара күш иесі – диюлар аңдыды. Небәрі 24 жасында асыл өмірі қиылған Ұлбикені кие тұтқан абзал» деп айтқан әділ бағасынан асыл жауһарды ардақтауды ұғасын. Сөз асылын терген Мәшһүр Жүсіп Көпеев:

– Бұрынғылар домбыра ұстап айтатұғын: «Қайым білесің бе?» деп. «Қайым» деп екі ақынның айтысқанын айтады екен. Сонда қайым өлеңінің басын Күдері қожа мен Ұлбике бастап айттысқан. Бұл екеуінен бұрын қайым өлең де, айтыс та жоқ. Бұрынғылардыкі – мақал, тапқақ...» деп айтқаны – әдебиет ғылымында айрықша баға. Сөйте тұра ауылы ақынды құрметтеуге келгенде кембіз. Неге? Мәселен «Бес ғасыр жырлайды» III томдық кітапта Ұлбике ақын туралы арнау сөз де жоқ, жеке шығармашылық туындысымен ембей де қалған. Бірде-бір әдебиет оқулығында да жоқ» деп М.Төлепберген батыл пікірін де, әрі көпшіліктің ойында жатқан күпті мәселені де ашық айтқан.

Ұлбикенің беймезгіл келген қазасы жайлы белгілі ақын Күләш Ахметованың мына өлең жолдарынан оның аянышты тағдырын көргендей боламыз:

– Неге үзілді тіршілік, неге тынды?
Неге көрмей бақырамын көретінді.
Нең өлсе, тарихта
Бұған дейін
Ауру мен намыстан өлетін-ді.
Бақыттың да баянсыз жөн тұрағы,
Бәлкім, анам он құлап, он тұрады.
Қандай адам жырлымды жалғастырып,
Қай қазына орнымды толтырады?
Жолы аузыр ақынның мұратына,
Мен кетермін, алармын, сірә, тыным,
Қаларсыңдар мойындап,
Тіршіліктің
Зұлымдық пен пәктіктен тұратынын...
Иә, Ұлбике ақын өз ажалынан өлген жоқ.

Оны қатал тағдыр аямады. Небәрі 24 жасында ажал құшқан Ұлбике Жанкелдіқызының биыл туғанына 200 жыл толуын жерлестері лайықты атап өтуде. Ауқымды мәдени-көпшілік шаралар, республикалық ақындар айтысы, жас ақындардың мүшәйрасы, жыр кештері кезең-кезеңімен өткізіліп, ақын рухына тағзым жасалуда. 25 қазан күні Тереңөзек кентінде сондай бір айтулы шара Республика күнімен тұспа-тұс келіп, ғылыми-практикалық конференция өткізілмек. Жан-жақтан қонақтар келеді деп күтілуде. Ақын рухына арнап ас берілмек. Мұның бәрі Ұлбике Жанкелдіқызына деген құрмет деп білеміз.

С.ЕРІМБЕТ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі
Б.ӨТЕГЕНОВА,
Сырдары ауданының
құрметті азаматы, қоғам қайраткері

/// МЕРЕЙ

Өмір керуені тоқтаусыз алға жылжи береді. Сол зулаған күндер мен жылыстаған жылдар жетегінде әркім соңына әртүрлі із қалдырады. Саналы ғұмырында туған жеріне ту тігіп, елдің өсіп-өркендеуіне үлес қосып жүрген азаматтар баршылық. Солардың бірі – салық саласының ардагері, қаржыгер Қалдыбек Сүлейменов. Ол – ішкі қуаты, білімі, қабілеті үлкен қалада, қаймақты ортада қаймықпай жүруге жеткенімен, мандай терін туған жер, өскен елін түлетуге төгуді бәрінен биік қойған азамат. Елде жүріп-ақ еңбегімен танылды, жақсы істердің басы-қасынан табылды.



ТУҒАН ЖЕРІН ТҮЛЕТКЕН

Қалдыбек Сүлейменов 1955 жылы 23 қазанда Қармақшы ауданы, Ақжар ауылында дүниеге келген. 1962 жылы Ақжар ауылындағы №28 орта мектеп табалдырығын аттап, оны 1972 жылы бітіріп шыққан. Сол жылы Қармақшы ауданындағы Ленин атындағы (қазіргі Тұрмағамбет ауылы) совхозға жұмысшы болып қабылданды. 1973 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың «Еңбек Қызыл Ту» орденді Ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетіне оқуға түсті. Институтты 1979 жылы бітіріп, ауыл шаруашылығын ұйымдастырушы-экономист мамандығын алып шықты. Сол жылы жолдамамен туған жері – Қармақшы ауданына келіп, «Ленин» совхозындағы машина-трактор жөндеу шеберханасына техник-нормировщик болып жұмысқа қабылданды. Көп ұзамай аудандық партия комитетінің келісімімен «Энгельс» колхозына бас экономист қызметіне тағайындалып, осы қызметті 1987 жылға дейін абыроймен атқарды.

1987 жылы облыстық агрооңкеркәсіп комитетінің шақыруымен аталған комитеттің «еңбекті ұйымдастыру және ақы төлеу» бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды. 1989 жылы «Энгельс» колхоз басқармасының ұсынысымен осы колхозға бас экономист болды. Осы қызметті 1993 жылдың тамыз айына дейін атқарды. Сол уақыттан бастап Қармақшы ауданы әкімінің ұсынысымен аудандық салық инспекциясының бастығы лауазымына кірісті. 1997 жылы құрылымдағы өзгерістерге байланысты Қармақшы ауданы бойынша салық бөлімінің бастығы қызметіне қайта тағайындалды. 1998 жылы құрылымдық өзгеріске сәйкес Қармақшы ауданы бойынша салық комитетінің төрағасы болды, осы қызметті 2007 жылдың сәуір айына дейін атқарды. Нәтижесінде айтқанда, ол 14 жыл Қармақшы ауданының салық саласында басшылық қызметте болды.

2007 жылы сәуір айында Жалағаш ауданы бойынша салық комитетінің төрағасы лауазымына ауысу тәртібімен тағайындалды. Ал 2008 жылы құрылымдағы өзгерістерге байланысты Жалағаш ауданы бойынша салық басқармасының басшысы қызметіне кірісіп, оны 2012 жылдың мамыры айына дейін атқарды. Осылайша ол Жалағаш ауданында 5 жыл салық саласында басшылық қызмет жасады.

2012 жылдың мамыры айынан ауысу тәртібімен Қармақшы ауданы бойынша салық басқармасының, 2014 жылы құрылымдық өзгерістерге байланысты аудандағы мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы болды. Осы қызметті 2018 жылдың қазан айына дейін атқарып, зейнет демалысына шықты.

Қалдыбек Сүлейменов салық саласында басшылықта жүрген 25 жыл ішінде өзінің терең білімімен, қарым-қабілетімен, ұйымдастырушылық, іскерлік қырымен, кәсібіне деген адалдығымен, адамгершілік биік қасиетімен абыройға кенеліп, сый-құрметке бөленді.

Екі рет қаржы, бір рет кірістер министрлігінің, екі рет Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталды, 2008 жылы Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Құрмет грамотасы табысталса,

2011 жылы «Салық қызметінің үздігі» төсбелгісімен, 2018 жылы мемлекеттік кірістер органдарында ұзақ және жемісті еңбегі үшін «Мемлекеттік кірістер қызметінің үздігі»

төсбелгісімен марапатталды. 2019 жылы Қармақшы ауданының құрметті азаматы атағы берілді.

Жұбайы Нағима Абаханова Батыс Қазақстан облысының тумасы. Екеуі институтта бес жыл бір группада оқып, 1979 жылы бесінші курста жүргенде отбасын құрды.

Ер адамның қызметте жоғарылап, отбасында, ағайын-туыс арасында сыйлы болуы, шаңырақтың береке-бірлігі жұбайына байланысты екені сөзсіз. Бұл орайда Қалдыбек ағаны бақытты жан деп айтсақ, артық емес. Өйткені жары Нағима апай – жолдасының әрдайым қолдаушысы, шаңырақтың ынтымағы мен берекесін ұйытқан, ағайынның ауызбірлігін жоғары қоятын отанасы. Ол институтта оқып жүргенде-ақ өзінің белсенділігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті. Оқу тобында староста, факультеттің комсомол комитетінің хатшысы болып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты.

Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін жолдамамен Қармақшы ауданындағы Ленин атындағы совхозға экономист болып жұмысқа қабылданды. 1981 жылы «Энгельс» колхозында аға бухгалтер болып орналасып, осы қызметті 1993 жылға дейін атқарды. 1993 жылдан Қармақшы ауданындағы денсаулық сақтау бөліміне экономист-бухгалтер болып қызметке орналасып, 2007 жылға дейін еңбек етті. 2007-2012 жылдары Жалағаш ауданында жерге орналастыру бөлімінде бас есепші, 2012-2018 жылдары Қармақшы ауданындағы орталық ауруханада бас экономист қызметінде болды. Қандай жұмысты болсын жоғары дәрежеде ұйымдастыратындықтан, ағайындары оған «Гернал келін» деп ат берді.

Қалдыбек аға мен Нағима апай 4 бала тәрбиелеп өсірді. Бәрі де жоғары білімді, бүгінде түрлі салада абыройлы қызмет етуде. Атап айтқанда, үлкен қызы Роза медицина ғылымының кандидаты, профессор, Астана қаласындағы медициналық университетте кафедра меңгерушісі. Жолдасы Азамат полковник Қорғаныс министрлігінде бөлім басшысы. Ұлы Нұржан жоғары білімді заңгер-экономист, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінде басқарма басшысы. Жұбайы Жазира жоғары білімді заңгер-экономист, Қызылорда облысы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметінің басшысы.

Қызы Жанна – экономика ғылымының магистрі, Астана қаласында мемлекеттік кәсіп-орында бөлім басшысы. Жолдасы Нұржан жоғары білімді инженер, құрылыс компаниясының Ақтау қаласындағы бөлімше директоры. Кенже қызы Ақбота жоғары білімді инженер, Астана қаласында «Каспий Нефть» компаниясында бас маман. Жолдасы Арман Астана қаласындағы хоккей клубының директоры.

Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақытты ата-ана немерелерінің сүйікті ата-әжесі. Зейнетке шықса да Қалдыбек аға қол қусырып қарап отырған жоқ. Өзінен кейінгі жас қаржыгер інілеріне білген үйретіп, ақыл-кеңес беруден жалыққан емес.

– Қызылорда облыстық агрооңкеркәсіп комитетінде жұмыс істеп жүргенімде мал шаруашылығында (кой шаруашылығы) еңбекті ұйымдастыру, еңбекке ақы төлеудің озық тәжірибесін жетіптеп үйрену мақсатында Ресейдегі Дағыстан автономиялық рес-

публикасының бір колхозына делегацияны басқарып бардым. Сондағы қой өсіретін колхоз кейінгі үш жылда басқарма төрағасы Шартаявтың іскерлігімен таза табысы 1 млн сомнан асқан. Басты жетістігі – әрбір өндірістік бөлімдерге шаруашылық есепті енгізген. Шартаяв Мәскеу қаласында болған бүкілодақтық агрооңкеркәсіп кешенін дамыту жайлы кеңесте (М.Горбачевтың қатысуымен) өз тәжірибесін айтқан. Сол кеңеске облыстық коммунистік партияның бірінші хатшысы Е.Әуелбек-ов қатысқан. Кеңестен кейін Дағыстандағы колхоз тәжірибесін зерттеуге тапсырма беріліп, сол тәжірибені облыста енгізуге көмек көрсететін топ құрылды. Облыста жаппай осы бағытта жұмыстар қарқынды жүргізілді.

1989 жылы Қармақшы ауданындағы «Энгельс» колхозына бас экономист қызметіне тағайындалды. Шаруашылыққа барысымен басқарма төрағасы Болатбек Сүлейменов ағамыздың басшылығымен барлық өндірістік бөлімдерді шаруашылық есепке көшіріп, өзара есеп айырысудың чектік формасын бекітіп енгіздік. Бұл еңбекке ақы төлеу, оны ұйымдастырудың озық әдісі өз нәтижесін беріп, екі жылда колхоз миллион шаруашылыққа айналды.

Жалпы Нағима екеуіміз осы колхозда Болатбек ағамызбен қызметтес, Әмида апаймен бірге болған кездерді өміріміздегі ерекше ұмытылмайтын уақыт деп есептейміз. Болатбек Сүлейменов – өндірістегі ұстазым. Ол кісі колхоз басқарудың озық тәсілдерін енгізді, мамандардың беделін көтерді, қандай бір жұмыс айтса да оны зерттеп, тиімдісін шарушылыққа пайдаланды. «Қалдыбек, осы екі жағдайды есіне сақта. Қазақтың мынадай даналық сөзі бар: «Қыдырып ішкен тамақтың кенеуі болмайды, қыдырып айтқан биліктің елеуі болмайды» билікті басыы өз орнында отырғанда ғана айту керек. Екінші, дауды дабырмен емес, сабырмен шешу керек. Қандай мәселені де талдап, зерттеп, мамандардың пікірін тындап шешім қабылдау керек» дейтін еді Болатбек ағамыз, – деді Қалдыбек Сүлейменов өткен күндерді еске алып.

– Салық саласындағы бірінші басым Дайрабай ағамыздың орны ерекше. Мен Дәкен ағамыздан көп нәрсе үйрендім, менің салық саласындағы ұстазым. Біздің ауданға көп қамқорлық жасады. Біріншіден, аудан әкімшілігінен әкімшілік үйінің ғимаратын алып, оны толық күрделі жөндеуден өткізіп берді, заман талабына сай техникалық құралдармен қамтамасыз етті. Қандай бір ұсыныс айтылса, соны зерттеп, орындауына көмек көрсететін. Әсіресе Байқоңыр қаласымен арадағы мәселелерді жоғары органдарға мерзімді жеткізіп шешімін табуға көп септігі тиді. Осы салық саласында басшылық қызметте жүргенде 8 әкіммен, 6 департамент басшысымен қызметтес болыппын. Барлығы кезінде жұмыс істеуімізге бағыт-бағдар беріп, қамқорлық жасап, көмек көрсетті, – дейді қаржыгер тағы бір сөзінде.

Қалдыбек Сүлейменов бүгінде жетпістің желкенін кепіріп, өмір атты алып айдында жұбайы Нағима апаймен, ұл-қыздары, немерелерімен бірге бақытты ғұмыр кешуде. Туған жерге ту тігіп, өскен өлкесін өркендетуге үлес қосқан ел ағасының өнегесі – осы.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

/// МЕРЕЙ

Аралдың ақиық ақыны Зейнолла Шүкіров ұлы Теңіздің тартылып кеткенін емес, енді тартыла бастағанын көргенде, осының соңы үлкен апатқа әкеледі-ау деп сезінгендіктен, «жан бер десең, жан берем» деп күңірене жырлаған-ды. Содан бері қаншама өлеңдер, прозалық туындылар жазылды. Толғау-жырлар шығарылып, халықтың мұң-шерін қозғап, ұлы даланың сынсыған сарынына ұласып боздап жатты. Аралда туған, несібесін теңізден айырған әрбір көкіректі мұң басты. Көз алдында табиғаттың қайталанбас жауһары құрып бара жатқанына кім төзсін?! Қолдан келер қайран жоқ...



Аралын аңсаған ақын

Бұл тек сол кездері Аралдың ғана басында болған трагедия емес еді. Қазақ жерінің кай пұшпағы болмасын аяусыз кескіленіп, асты-үстіне түсіп жатты. Семей полигоны күндей күркіреп, төңірегіне өлім уын септі.

Шанжархан Бекмағамбетов – Арал өңірі халқының басына төнген осындай зауалды жастайынан көңіліне түйіп өскен ақын. Бүгінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Шәкенді мен ол кезде болашақ тілші-ғалым емес, шындығы керек, әдебиетші-ғалым, ақын болады деп елестеткенмін.

Біздің кездесуіміз сонау 1977-1978 оқу жылында байырғы балықшылар ауылы Қаратереннің Т.Шевченко атындағы орта мектебінде болды. Ол мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі екен. Менен екі-үш жыл бұрын Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп, туған ауылының мектебіне оралған есейген жігіт. Жатсынған, жасынған жоқ. Мектептің сол кездегі пионер жетекшісі Дәулетбай Жүгінісов (марқұм) бар үшеуміз күнді түнге ұластырған, қызуы мен ырдуырды мол әдеби орта құрып, әдебиеттің сиқырлы әлеміне сүңгіп кеттік. Дәулетбай Төлеген Айбергеновтің өлеңдерін, Мұхтар Шахановтың «Танакөз» поэмасын жатқа соғады. Шәкен Дәулетбайдың өжеттен талап етуімен өз өлеңдерін оқиды.

– Иә... Мен онда ақын болғанмын, Кіріпгіменен таңды ілген. Ақынша ойлап толғандым, Ақынша шамырқандым мен.

Мен жырдың жібек бауының, Шашағын сәндеп тарадым. Сен сонда, туған ауылым, Жайт етіп маған қарадың, – деп бастайды. Өлең алғашқы шумақ жолдарымен-ақ елең еткізеді. Тың образ, ой өрімдері әп сәттен-ақ жан-дүниенді баурап алады. Жүз шақырымдық жолды жүгіріп өтіп, суатқа аңсап келіп бас қойған киіктерше, құмарлана елеңдеп, алағызып құлақ түрмейді. Алдымыздан сәнді, жаңа бір көркем дүние есігін айқара ашып сала бергендей. «Кіріпгіменен таңды ілген...», «Мен жырдың жібек бауының, Шашағын сәндеп тарадым». Өлең-жырдың оялы үздігін мына Шәкен қалай-қалай қайырады дейміз таңыркап, бір жағы сүйсініп. Ондайда уақыттың түн жарымы екені ұмытылады. Қаратереннің самсаған жүлдізға толы аспанының астында жыр-самалы соғып, жыр-түнлігі желп-желп көтеріліп тұрғандай сезіледі. Ақ қанат пірште жыр жолдары самғап биіктеп, шүпірлеген жүлдіздарға, жусан иісті құмдауыт далаға сіңіп кетіп жататындай. Біз осындай жырды өзіміз жазбағанымызға іштей шығармашылық қызығу сезімін өткере отырып, алғашқылардың бірі болып, бұл өлеңді ақынның өз аузынан тыңдағанымызға, осының куәсі болғанымызға қуанатынбыз. Ол бір әдемі уақыт екен ғой.

Шанжарханның бірсыпыра өлеңдері туған ауылымен өзектес келеді. Әйгілі теңіз жағалауындағы балықшылар ауылы Қаратерен қазақтың салт-дәстүрі мен өнері, бауырмалдығы мен кеңпейілдігі мықтап орныққан өзгеше құт мекен. Аудан орталығынан екі жүз шақырымнан аса алыста жатырмыз депмейді. Өз-өзімен қайнап, буы бұрқырап аспандап жататын. Мектеп оқушыларының спортқа бейімділігі қызықтыратын.

Қыстың күні мұз айдынын жасап жіберіп, конькимен зырығып, шайбаны қақпаға қарай қақырата соққанда, сол уақыттың бренді СССР мен Канада құрамасы ойнап жатқандай сүйсінетінбіз. Жаздың күні қырда ойнаған футбол өз алдына, мектеп ауласындағы волейбол алаңында допты жерге түсірмей, үсті-үстіне соққылап, тартысты ойындар өткізетін. Мектептегі қазақ әдебиетінен өтетін Шәкеннің сабағы өзгеше реңде болатын. 10-класта оқитын М.Әуезовтің «Абай жолының» 4 кітабын ұстаз оқушыларға іріктей мазмұндап айтып, образдардың дамуы мен жазушы шеберлігін сюжетпен бірлікте түсіндіретін. Бір қызығы, мектеп оқушыларының әдебиетке құштарлығы ма, әлде мұғалімнің алдын ала тапсырмасы ма, көпшілігі «Абай жолын» оқыған болып шығады. Мен осы бір жайға күні бүгінге дейін таңғаламын. Қазіргі мектепте М.Әуезов шығармашылығы осылай өтіле ме? Ол кезде, мәселен, ұлы суреткердің шығармашылығына 10 сағат қана уақыт берілетін.

Жыр тұнған, сыр тұнған Қаратеренде қызықты оқиғалар көп-ақ. Қазірде елімізге танымал қарымды журналист, зерделі әдебиет зерттеушісі, ғылым докторы, академик Бауыржан Омаровтың алдымызда құлағы қалқып шәкірт болып отырғаны әлі көз алдымызда. Ал мұндай жастар мектепте біраз бар еді. Өлем қалаларына мұхит асып барып білім алып, әуе кемесін тізгіндеген халықаралық дәрежедегі ұшқыштар да, кино, театр өнерінің саңлақтары да, ақын-жазушылар да шықты бұл ауылдан.

Шанжарханның тағдыр жазған бір бақыты осы ауылдың топырағында туып, ақ шағыл құмында аунап, бала кезден есік алдындағы Қарт-тұма көлінің күмістей суына шомылып, тереннен сүйрік суырып өскен қызықты күндерінде болар. Бала күннен көлдің қалың қамыс қопасына түсіп, сап-сары масасымен алысып, таланып, көзін тырналап ашып көк пішен мен сары қамысты құлаштай орып, одан қалды ақ-бас толқындарымен алыса асау теңіздің шыған төріне аттанып, балық аулап, еңбекпен ер жетуі еді. Бұл оның бүгінде 90 жастың төріне абыроймен шыққан Аралдың абыз қарты, белгілі журналшы Шәкірат Дәрмағамбетовтің теңіз тарландары туралы жазған очерктерін, өзінің алдында ғана қанат қағып, жыр әлемінде таныла бастаған Жарасқан, Шөмішбай өлеңдерін оқып, аудандық «Толқын» газетіне алғашқы өлеңдері жарияланып, арманын іштей үкілеп жүрген жарқын кезі болатын. Сондықтан да оның ақындық салмағын, өлең сөздің киесін ұғынуын туған жерінен бөліп алуға әсте болмайды.

– Ақ құм дедік ауылдың Сыртындағы шағылды. Бал қызығы бар ұлдың Сол шағылдан табылды.

Ақ тікеннен үй жасап, Аққұмда біз ойнадық. Тілемедік күй де аса, Тек ойынға тоймадық.

Кезіп сонау нұрада Жүрдік бұзау қайырып. Тойып ап итжуаға, Бұзаумен бір жайылып, – дейді ақын. Мұндайда Дәулетбай жанып түсетін. Поэзияға деген ішкі құштарлығы тепсініп бетіне шыға келеді. Жалпақ беті алқурендеп, көзі шоктай жайнап, құлды өзі жазғандай қуанатын. Поэзия қуаты үстемдік құрған сол Қаратерен күндері бұл кезде сағынысқа айналған. Сон-

дықтан да сол ортада өмір кешкен Шанжархан ақынның жырларында ұлттық бояу, қазақы болмыс пен мінездің болуы табиғи сіністі құбылыс деп білемін.

Ақынның туған жер туралы өлеңдерінде Арал теңізіне арналған туындылары бір төбе. Шалқыған теңізде асау толқынмен алысып өскен зерек ұлдың ақын көңілі ұлы теңіздің бүгінгі міскін қалпымен келісе алмайды. Күйініш те, өкініш те, дәрменсіздік те оның жырларынан айқын көрініп отырады. Теңіздің сусыраған өлімші халін өзінің қансыраған, езілген, еңіреген жан-жүрегімен байланыстырады.

– Үндемей неге жүрсің деп, Күрсінбе, Теңіз, күрсінбе. Қоярға жанын жер таппай, Жүр ғой бұл күнде

құр сүлде, – дейді ақын. Айдыны шалқыған сол бір әдемі кездің енді қайтып оралмасына мүлде сенгісі келмейді.

– Өзімнен бірге толғаным, Толқын боп мен де тербелгем.

Жыр жазушы едім қолға алып, Күміс қаламды сен берген, – дейді тағдырын теңізбен ұштастырып. Табиғаттың сол жауһарын енді бүгінгі ұрпақтың білмейтіні өкінетді. Бүгінгі ұрпақ Арал теңізінің айдыны шалқыған буырқанған бура шағын қайдан білсін. Теңізді көрдік, жағасында ертелен кешке дейін армансыз шомылдық дейтін біздің өзіміздің жадымыздан сол суреттер ұзап бара жатқандай. Біреуге айтсаң сендіре алмайсың. Қазір теңіздің орны ойдың-ойдым, терен қазан шұңқырларға айналған. Кей тұстары ақтаңдақтанып сор болып жатады. Бір кездегі теңіз ортасындағы аралдар бүгінде биік жарлауыт құм төбелерге айналған. Анызақ жел құм суырып, тұзды шандақ құйын боп үйіріліп аспаңға шанышылады. Даланың ұзан сарыны тоқтаусыз үілдейді. Жаныңды қайғы зары қысады. Шыққыр көзім осыны көрмегенде дейсің іштей күңіреніп. Сонда да ақын Ұлы теңізін жаманшылыққа қимайды. Бүп-бүтін бейнесін көкірегіне толайым құйып алып, шаңқылдаған шағаласымен, үзілмей соққан майда толқынымен іштей сырласады.

– Ұлы теңіз! Кеткен жок ол жоғалып, Буырқанып жатыр менің кеудемде, – дейді толғанып. Қызық парадокс! Украин халқының ұлы қобзары Т.Шевченконың қаламынан туған теңіз пейзажын көз алдыма елестетемін. Жайқалған теңіз қандай, әй сәулесі астындағы айдын күмістей жалтырайды. Суға түскен алғашқы кеме. Райым бекінісі төбесінен көрінген шалқар теңіз бейнесі көз ұшында бұлдырап көрінген кен атырап... «Қосарал жырлары» ойына келеді. Иә, Аралдың шын бейнесін келер ұрпақ, бәлкім, осындай өнер туындылары арқылы білетін болар. Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» шығармасы арқылы теңіздің дүлей дауылын, аспаңға шаппыған асау толқынын, Сергей менен Жалмұратты жұттып жіберген тұңғығын сезінер. «Сонғы парыздағы» Жәдігер болып қолынан еш дәрмен келмей сарсаңға түсер. Солардың арасында Шанжархан ақынның да Аралын аңсап, ащы-татті мұң кешкен, жүрекке жылы өлеңдерін оқыр. Біз не дейміз?! Соның бәріне тілекшіміз.

Сәмен ҚҰЛБАРҚАҚ,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР Жазушылар одағының мүшесі

ӨНЕРІҢ ӨРТЕ БАССЫН, ӨНЕРЛІ ҚЫЗ...

Біздің қазақта «Жігітке жеті өнер де аз» деген қанатты сөз бар. Бұл тәмсілдің қыз балаға да тікелей қатысы барын жоққа шығара алмаймыз.

Өмірдегі жетістіктің, ілгері басудың, тығырықтан шығар тетікті табудың төте жолы – қандай жағдайда да көңіл күйінді түсірмеу. Әрине айтуға ғана оңай, бірақ шындығы сол. Буын ауруы жиі мазалап, дәрігерге көрініп ем алып он екі мүшесі сау адамдардай еңбек етуге жарамсыз, мүмкіндігі шектеулі деген анықтама берілгенде Мөлдірдің де біршама уақыт көңіл күйдің жетегіне еріп, уайымға берілгені рас. Бірақ өзін-өзі қолға алып, бүгінгі күні мүмкіндігінің шектеусіз екендігін дәлелдеу үшін жігерін жанып, алға ұмтылып келеді.

Мөлдір Тұрмаханова Қазалы қаласында дүниеге келді. Мектепте өте жақсы оқып, үздік аттестатпен бітірді, әсіресе орыс тілін ана тіліндей меңгерді. Мектеп қабырғасында волейболдан аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындар иеленді. Грант иегері атанып, 2009 жылы Қорқыт ата университетінің физика-математика факультетіне қабылданды. Бірақ оқып жүргенде буын ауруына шалдығып академиялық демалыс алып, аталған оқу орнын 2015 жылы ғана бітіріп шықты. Сол жылы емін жалғастыруға Талсуаттағы оналту орталығына барғанда тағдырластарымен жолығып сырласу, пікір алысу, алдағы болашағы туралы арман,



Рухың шат болсын, әке

Осыдан бір жыл бұрын отбасымыздың тірегі, бауырларының жанашыры, балаларына – ардақты әке, мейібан ата, асыл жар Өтеев Мнаждин Сражадинұлы өмірден озған еді.

Ардақты, қайсар мінез, асыл адам, Қай қиындық келсе де жасымаған. Ауылымды көтерем, көркейтем деп, Бала кезден туған жерге ғашық адам. Өрнекті ғұмыр жолы үлгілі еді,



Сырлы етіп тудырған Сырдың елі. Ойсырап орны қалған өзіңізді, Сағынышпен еске аламыз бұл күндері.

Барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, ұжымдастар және көз көрген барша жамағатқа асыл жар, ардақты әке, немерелерінің сүйікті атасы болған Мнаждин Сражадинұлының жылдықасы 1 қараша күні сағат 12.00-де Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі «Наурыз» мейрамханасында берілетінін хабарлай отырып, қасиетті Құран ішінде болуға шақырамыз.

Еске алушылар: **Өтеевтер әулеті**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазгермұнай» БК» ЖШС 02.12.2025 ж. сағат 15.00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренозек кенті, Қонаев көш., 8 (мәдениет үйі) мекенжайында «Ақсай орталық жинау пунктіне қосымша мұнай-газ және газ сепараторлары» және «BW-6-дан Ақсай-10Д ұңғымасына дейінгі айдау желісі» жұмыс жобаларына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдері бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Географиялық координаттар: 45°57'10"Е, 65°43'14"Б.

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/8207751165?pwd=M3grbHhFRXUSRWJzRfhXcnpGbGkZFZFz09&omn>. Идентификатор: 820 775 1165. Құпиясөз: 123456.

Тапсырыс беруші: «Қазгермұнай» БК» ЖШС, БСН: 040440000021, мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Амангелді көш., 100, тел.: 87242279900.

Әзірлеуші: «СтройРекламПроект» ЖШС, БСН: 040440005636, мекен-жайы: Ақтобе к., Жамбыл көш., 81, тел.: 87132908241.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat>» сайтында танысуға болады.

Жергілікті атқарушы орган: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, 87242605362, prd@korda.gov.kz.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ prd@korda.gov.kz қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.



мақсаттары туралы ой бөлісті. Интернет желісі арқылы изолон материалы көлөнер бұйымдарын жасауға қолайлы екенін және өзінің осыған бейімі бар екенін сезінді.

Уақыт өте келе, материалға тапсырыс беріп үй жағдайында арнайы құралмен қыздыру арқылы әртүрлі формада тұтас гүл көрмесін жасап шықты. Өнерін аудандық кәсіпкерлік бөлімі бағалап грантка ие болды, кәсіп ауқымын кеңейтті. Шебердің қолы ортақ, Қызылорда, Шымкент, Алматы, Астана қалаларынан тапсырыстар түсіп, екі жыл кәсібінің игілігін көрді. Осы өнерінің аясында, 2020 жылы Қызылорда қаласында кондитерлік цехқа әрлеуші-декоратор болып орналасты.

Туған күн, той торттарын арнайы тапсырыспен әртүрлі формада әрлеу өз нәтижесін беріп, Мөлдір алты айдан кейін кондитерлік цехтың Ақтау қаласындағы бөлімшесіне жіберілді. Ол жерде кәсібі шын мағынасында ілгері басып, танымалдыққа ие бола бастаған. 2023 жылы әкесі қайтыс болып, анасы науқастанып екінші топ мүгедектігі тағайындалып, амалсыз елге оралды.

Мөлдір Тұрмаханова стол теннисінен ерекше қажеттілігі бар жандар арасындағы облыстық жарысында бірінші орынды жеңіп алды, республикалық сайыстардан тыс қалған емес, спорт шеберлігіне кандидат. Бұған қоса, мықты IT маманы. Өткен, оның жасаған дүниесін сөзбен сезінгеннен гөрі, көзбен көрген адам жеті өнерді меңгерудің жігітке ғана емес, қыз балаға да бөтен болмайтынын түсінер еді.

Әлімжан ҚИЯС.
Қазалы ауданы

«Сыр бойы»,
«Қызылординские вести»,
«Ақмешіт апталығы»,
«Ақмешіт жастары» және
аудандық басылымдарға
хабарландыру
орналастырғыңыз келсе:
70-00-52 телефонға арқылы
байланысқа болады.
E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

**Мұралық істің
ашылғанын
хабарлайды**

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2022 жылдың 11 қыркүйегінде қайтыс болған азамат Пиржанов Асылбек Тастасевичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «СП Казгермұнай» сообщает, что в 15.00 ч. 02.12.2025г. по адресу: Кызылординская область, Сырдарьинский район, пос.Теренозек, ул.Конаева, 8 (дом культуры) состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по Разделам «Охрана окружающей среды» к Рабочим проектам «Дополнительные нефтегазовый и газовый сепараторы ЦПС Ақсай» и «Нагнетательная линия от BW-6 до скважины Ақсай-10Д».

Географические координаты: 45°57'10"С, 65°43'14"Б.

Ссылка на онлайн подключения: <https://us05web.zoom.us/j/8207751165?pwd=M3grbHhFRXUSRWJzRfhXcnpGbGkZFZFz09&omn>. Идентификатор конференции: 820 775 1165. Код доступа: 123456.

Заказчик: ТОО «СП «Казгермұнай», БИН: 9402400000021, адрес: г.Кызылорда, пос.Тасбөгет, ул. Амангельды, 100, тел.: 87242279900.

Разработчик: ТОО «СтройРекламПроект», БИН: 040440005636, адрес: г.Актобе, ул. Дзамбула 81, тел.: 87132908241.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat>».

Местный исполнительный орган: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области, 87242605362, prd@korda.gov.kz.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественного слушания на портале <https://ndbecology.gov.kz/>, а также электронную почту: prd@korda.gov.kz.

СЕМЕЙ мен СЫР АРАСЫ ЖЫРМЕН ЖАЛҒАСТЫ



Биыл Сыр елі үшін тарихи маңызды жыл. Атап айтар болсақ, Қызылорда қаласының Қазақ АКСР-не астана болғанына, сонымен қатар, халқымызға «Қазақ» атауының қайтарылғанына 100 жыл! Осынау тарихи маңызды мереке аясында жыл басынан бері мәдени-танымдық іс-шаралар толассыз жалғасып, стадиондағы гала-концертпен қорытындыланды.



Мерекеге арнайы келген мәртебелі қонақтар қатарында қазақтың көрнекті ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Тыныштықбек Әбдікәкімұлы және ақынның жұбайы, М.Әуезов атындағы Семей колледжінің директоры, ұлағатты ұстаз Шағангүл Жанаева болды.

Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен «Жастар орталығында» ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлының оқырмандармен кездесуі өтті.

Ақын өзін Сырдағы оқырман қауымға жақынырақ таныстырып, шығармашылығы жайлы әңгімеледі. Жаңа туындыларын оқып, жылдар белесіндегі жана-лықтарын бөлісті. Құрмет білдіріп келген оқырманға алғыс айтып. Кітаптарын үлестіріп, қолтаңба берді.

— Алғашқы туындым — «Ақшам хаттары», пышақтың қырын-дай ғана шағын кітап болатын. Әйтсе де көп оқырман мені сол кітабым арқылы таныды. Одан бері қаншама уақыт өтті. Қоғам өзгерді, адамдар да өзгерді. Соған орай адамның таным, талғамы да өзгеріп жатыр. Дегенмен бүгінгі кездесуге қауымдап келіп отырған оқырманға мың алғыс!

Сыр еліне алғаш келуіміз. Менің көзқарасымда экология жағынан айтқанда, көшелері құм, ағаштары тырбылып өспей қалған, ескі үйлері көп, сондай жүдеу-жалау қала ма деп ойлайтынмын. Кешеден бері талай жерді араладық. «Оқушылар сарайы», тарихи-өлкетану музейі, физика-математика мектебі, музыкалық колледж сияқты бірнеше мәдени-рухани орталықтарда болдық. Сонда байқағаным, ең бастысы, қалада кеңістік бар екен. Сан-сәулеті өзгеше. Ал қаланың тазалығы тіпті бөлек. Бұл — қала тұрғындарының жоғары мәдениеттің көрінісі, — деді ақын Т.Әбдікәкімұлы.

Қазак өлеңінің келіні атанған Шағангүл Жанаева Сыр жұртшылығымен емен-жарқын сырласып, өзі басшылық жасап отырған қасиетті қарашаңырақ

— Алаш арыстарынан бастап, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезов сынды қазақтың қабырғалы азаматтары білім алған М.Әуезов атындағы Семей колледжі туралы әңгімеледі. Ұстаздық тұрғысынан шәкірт тәрбиелеу ісіне қатысты ой-пайымын ортаға салып, тәжірибесін бөлісті.

Жақсылар бас қосқан жиынға Абай облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары халықаралық «Шабит» фестивалінің бас жүлде иегері Ербол Алшынбай және Абай атындағы облыстық әмбебап кітапхананың директоры, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты Мерей Қарт, ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, «Құрмет» орденінің иегері Қатир-жа Жәленова, Сырдың Қалдыры атанған ақын, Ақпарат саласының үздігі Дүйсенбек Аяшұлы, Н.Бексезанов атындағы облыстық қазақ музыкалық академиялық драма театрының директоры, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мүсілім Әмзе, М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледжінің мұғалімдері, сондай-ақ, мәдениет, өнер саласының өкілдері, студенттер қатысты. Кездесу барысында қонақтарға сый-құрмет көрсетілді.

Алаштың айтулы ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Тыныштықбек Әбдікәкімұлы мен Сыр оқырмандарының кездесу кешін ақын Ақжол Түменбай жүргізді. Қалалық Жастар театрының қыз-жігіттері ақын өлеңдерін жатқа оқыса, талантты сазгер, әнші Үкітай Ернияз бастаған өнерпаздар әдемі кешті әнімен әрледі. Сондай-ақ оқырмандарға ақын шығармашылығынан жасалған кітап көрмесі таныстырылды.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

/// 24 ҚАЗАН – КІТАПХАНАШЫ КҮНІ



ҚҰТТЫ МЕКЕНДЕГІ ҚҰРМЕТТІ ЕСІМДЕР

Ертең кітапханашылар қауымы кәсіби мерекесін атап өтеді. Сырт көзге оңай көрінгенімен қиындығы жетерлік, қызығы мен шығығы қатар жүретін осы бір мамандық иелерін қалай құрметтесек те, артық емес. Мереке қарсаңында өзін қызмет атқарып келе жатқан киелі мекеннің шырақшылары туралы біраз ой қозғағым келіп отыр.

Жалпы біздің облыстық кітапхана тарихы сонау 1867 жылдан бастау алады. Ол кезде Перовск қаласында Ақмешіт үезінің әскери халқы үшін үездік кітапхана болып ашылған. 1938 жылы Қызылорда облыс орталығы болғаннан кейін, қалалық кітапхана облыстық кітапхана болып қайта құрылды және ол М.Горький есімімен аталды. Кітапханада бірнеше бөлім ашылып, қызметі едәуір кеңейіп, күрделене түсті.

Қазір заман күн санап өзгеріп, технология қарыштап дамуда. Кітапханашылар да осы ағымнан қалыс қалмай, өздерін күнделікті жетілдіріп отыруы тиіс. Өйткені оқырман талабы өзгеріп, сұранысы артты. Қазіргі заман кітапханашылары — ақпараттық технологияларды меңгерген, оқырмандардың мәдени және зияткерлік қажеттіліктерін қанағаттандыратын мамандар.

Осындай жылдамдықты, кәсібилікті қалай тез меңгеруге болады десек, ойымызға бірден қазіргі сара жолды салып кеткен алдыңғы буын мамандар түседі. Кітапхана деп аталатын парасат ордасында түрлі тағдыр, түрлі өмір көресің. Санаулы ғұмырын өңірміздің мәдени саласына арнап, кітапхана ісін өркендету жолында тер төккен қаншама апайлардың есімі өткен күннің енішінде қалды. Өздерінің дара жолы мен ерекше қолтаңбасын қалдырып кеткен кітапханашыларды біз қазіргі буын, жиі еске алып отырамыз.

1990 жылы кітапхана басшылығына білікті де шебер ұйымдастырушы Құлбаршын Раушанбекқызы Сисекеева келді. Осы кезеңде жетекші мамандар кітапхана жұмысын жандандыра бастады. Үлнар Бармакова, Сара Қанибетова, Құрманқұл Сыздықова, Балжан Тайшыманова, Тұрғанқұл Бөйімбетова, Дарья Цзю, Нағима Жаманқұлова, Жұмабек Ералыева, Шолпан Серекова, Татьяна Долотова, Галина Лигай өзіндік үлес қосты. Кейінгі толқын ішінде Махмура Абдулпаттаева, Зина Оспанова, Айгүл Кәрібаева, Оразқұл Салиева, Тамара Букина, Людмила Пан, Ләззат Бәйгенованы ерекше атауға болады. Міне, біз өзімізге үлгі болған осындай мамандардан көп үйрендік, ақыл-көнесін жиі тыңдадық. Әр қимылына, кітапқа деген құрметіне, оқырманмен сөйлесу мәнеріне, баладай таза көңіліне, өз ісіне деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігіне қызыға қарайтынбыз.

1999 жылы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасына Халық жазушысы, көрнекті ақын Ә.Тәжібаевтың есімі берілді. 2009-2020 жылдары кітапхана басшылығына білікті маман Нұржамал Ахметкалиқызы Мырзамұратова, одан кейін ғалым-ұстаз Нұрлыбек

Кәрібозұлы Мыңжас келді. Бүгінде алыстан көз тартатын, қаламыздың сәні мен сәулетін арттырған еңселі ғимарат Әбділла Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана екінші үйімізге айналғандай. Таңертең ерте келіп, қас қарайғанға дейін қажетін іздеп келген оқырманға қызмет көрсету, қорға түсіп жатқан кітаптармен жұмыс жүргізу, атаулы күндерге кітап көрмелерін дайындап, оны көпшілікке таныстыру, мерейтойлар мен шығарма авторларына арналған кештер ұйымдастыру, міне осының барлығы — кітапханашының күнделікті жұмысы.

Мұнда күн сайын қайнап жатқан өмірді көруге болады. Кішкентай қолымен сәредегі түрлі-түсті суретке толы ертегілерге ұмтылған бұлдіршін, күнделікті сабақ дайындығымен келген оқушы, лекция арасында қосымша мәлімет іздеп келген студент, ғылыми еңбегіне құжаттар ақтарып отырған ғалым, өскелең ұрпаққа білім нәрінен себуге асыққан ұстаз, әлемде болып жатқан жаңалықтар легімен танысуға келген зейнеткер — кітапхананың тұрақты оқырмандары. Біз осындай оқырманмен баймыз. Биталы, талапты оқырманмен мақтанамыз. Оқырман сұрап келген әрбір кітап — біз үшін ізденіс және жұмыс нәтижесі. Кейде кітапхана есігін саби шақта ашқан, қазіргі таңда ақылы толысқан, қоғамда түрлі салада қызметте жүрген оқырмандарымызды көріп, соғардың тұлға болып қалыптасуына біздің де кішкентай үлесіміз бар екеніне риза бол жатамыз.

Біздің кітапхананың есігін кімдер ашпады дейсіз? Президент те, министр де, әкім де, депутат та кітапханаға келген құрметті қонақтар қатарында болғанын үлкен мақтанышпен айтамыз.

Кітапханашының еңбегі көзге көрінбейді, салмақпен өлшенбейді. Тіпті көп жерде қалыс қалып жатады. Сонда да кітапханашы — мәртебелі мамандық иесі. Қарапайымдылығымен, салмақтылығымен, мәдениеттілігімен мәртебелі. Қазіргі кітапханашы ол — ұстаз, тарихшы, тәрбиеші, психолог, бағдарламашы, жол сілтеуші. Кітапхана табалдырығын аттаған кішкентай бұлдіршіннен бастап, зейнет қасындағы егде кісілерге дейін ақпарат айданынан іздегенін тауып беру, қажетін жетел орындау — басты міндеті.

Қазір қоғамда кітапханаға деген көзқарас өзгерген. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Бүгінгі заманда кітапсыз, сондай-ақ кітапханасыз адамның ойдағыдай дамуы мүмкін емес», «Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталды. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды» деген сөзінен кейін ойымын, іздеймін, білемін деушілер көбейді. Біз үшін бұл үлкен қуаныш.

Білім мен мәдениет ордасына келген талғампаз оқырманның ой-өрісін кеңейтіп, білім көзін ашуда қазір де майталман мамандар жетерлік. Айгүл Жанғабайлова бастаған Шолпан Бердәулетова, Бибайша Әлиева, Қалдыгүл Досмағанбетова, Алтынай Махамбетова, Гүлдерайым Қосназарова, Айгүл Сайымбетова, Маржан Айгисина, Бақыт Жүсіпова, Гүлжан Жұматаева, Алма Қалмағанбетова, Салтанат Баекеева, Айгүл Көшербаева өз ісінің шеберлері. Қандай жұмыс тұрса да, соған мән беріп, түрлендіріп, жандандырып, оқырман айналып өте алмайтындай деңгейге апарды. Ойы зерек, қиялы ұшқыр, өз ісіне құлай берілген осындай мамандармен күнде кездесіп-жүздесу мен үшін үлкен бақыт. Егер менен нағыз бақытты жан кім деп сұраса, мен ойланбастан кітапханашы деп жауап берер едім. Өйткені рухани қазына күзетшісі бола жүріп, олар от ауызды ақынмен де, қаламынан құдірет тамған жазушымен де, өткенді бүгінмен жалғап, шежіре таркатқан тарихшымен де жиі кездесіп, жүздесіп жүреді. Болашаққа деген сенімдері нық. Қолдарында ғасырларды жалғаған алтын мұра бар. Алдарында сөз құдіретін түсінетін өскелең ұрпақ бар.

Мереке құтты болсын, кітапханашылар! Жаңалыққа құштар, даналыққа құмар ізгілікті оқырмандарыңыз көбейсе берсін, асыл жандар!

Гүлжанхан ЮСУПОВА,
Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхананың кітапханашысы

/// ӨНЕГЕ

ҚАЗАҚ АТЫН ӘЛЕМГЕ ТАНЫТҚАН АЛЫП



Ұлт батыры, халқымыздан шыққан тұңғыш кәсіпқой балуан, 54 мемлекетте күреске түсіп, 48 медаль таққан Қажымұқан дай мықты XX ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде тек қазақ ғана болды.

Осындай алыбымызды аға ұрпақ жақсы білсе де, кейінгілер жете танымайды. Оған әлеуметтік желілерде жылт ете қалатын батырға қатысты қисынсыз әңгімелер де әсер етсе керек. Айтушылар балуанды өмірінің соңында аштан өлді деп тарихқа күйе жағып жүр.

Атамыз соғыс кезінде ел аралап, өнер көрсетіп тапқан 100 мың сом ақшаға ұшақ жасатып, майданға жібереді. Осы ісі үшін Сталиннің өзі алғыс білдірген.

Қажымұқан қартайған шағында мемлекет есебінен бес жүз мың зейнетақы алып тұрған. Қаншама қиын кезең болса да өзінен артылдырып, жетімдерге, ашжалаңаштарға көмектесіп отырған.

1948 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, сол кездегі «Ленин туы» колхозында қалың ағайын ішінде қайтыс болғаны белгілі. Бұл тарихи ақиқатты бұрмалауға ешкімнің құқы жоқ. Ұлт батырын ұлықтау, оның алып болмысын өскелең ұрпаққа таныстыра беру ісі ешқашан толас таппауы тиіс.

Осындай максатпен биылғы Қажымұқан ұрпақтарының дәстүрлі бас қосуын Ордабасыда өткізуді ұсынған едім, ағайын мұны қоштады. Бұл жерде «ағайын» сөзін шын мәнінде дұрыс түсіну керек. Қажымұқан — халықтың батыры, қазаққа ортақ тұлға.

Дегенмен, елдің белсенді азаматтары мұндай игі істі атқаруға келгенде, шараны да, шаруаны да өз бастамаларымен бітіреді. Белгілі азаматтар бұл жолы да сондай иігілік басында жүрді. Атап айтқанда, балуан атамның Дөкәрал, Төртқұл, Жетісайда тұратын ағайындары, Астанадағы «Қазтұтыну» одағы жоғары колледжінің директоры Мырзабек Құжымов бастаған, жетісайлық Әбдіқайым Нұржанов, Ағабай Әуезов, Алтай Жүсіпбекұлы, Базарбай Піржанов, Марат Әуезов, Берік Төлегенов, Серік Төлегенов, Досбол Әбділдаұлы, Әкімжан Жаппарұлы, Қанат Жанабайұлы, Нұрбол Құжымов сынды азаматтар, жиналған ағайынға қызмет көрсетті.

Осыдан біршама уақыт бұрын Түркістан облысының Ордабасы ауданында мемлекет қаржысымен халық батыры Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы мәдени-спорттық кешен ашылған болатын.

Кешеннің ашылуына облыс әкімі Н.Көшеров арнайы келіп, бұл мәдени-спорттық кешен ғана емес, туризм мен жастар тәрбиесін дамытуға да арналған маңызды нысан екенін атап өткен еді.

Біз осы кешенді аралап, батыр ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан бастадық. Шара қонақтары әуелі мәдени-спорт кешенінің мұражайымен танысты. Мұнан соң аудандық спорт мектебі шәкірттерінің қатысумен қазішқа күрес өнері тамашаланды. Балуандар белдесіне қызылордалық Қанат Әбенов бастаған, шымкенттік Байбосын Зұлпыхаров және ұлытаулық Бекназар Жұманазарұлы сынды азаматтар өз қаржысынан жүлде тікті.

Көпшілік одан әрі «Қазақтың Қажымұқаны» атты ғылыми-танымдық конференцияда бас қосты. Сондай-ақ Байбосын Зұлпыхаровтың «Даңқ пен дақпырт» атты кітабының тұсаукесері болды.

Келелі, тәлімді басқосуға Сыр бойынан елімізге еңбегі сіңген дрігер Тұрғанбай Маханов, қоғам қайраткері Қорғанбек Қайруллаев секілді ақсақалдар, елге белгілі Темірхан Әлімқұлов сынды азаматтар құрметті қонақ ретінде шақырылды. Олармен бірге Ордабасыдағы жиынға тоқсанға тарта Сыр бойының азаматтары қатысып қайтты. Сондай-ақ Омбы қаласынан аңыз адамның немере, шөберелері де келді.

Шара қорытындысында тұлға рухына дұға бағыштауға ниет еткен бес жүз адамға арналып дастарқан жайылды.

Аты аңыз болған алып қазақ Қажымұқан туралы әлі де талай кітап жазылып, талай фильм түсірілетіні анық. Алайда біз кейінгі буынды ақиқаттан аттамауға үндеп, оларға жол сілтеуге тиіспіз. Бұл біздің ағалық парызымыз болмақ.

Қожахмет МЫРЗАЕВ,
Қызылорда қаласының тұрғыны

/// ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

АДАМГЕРШІЛІК пен ПАРАСАТТЫЛЫҚ АЙНАСЫ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, академик, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлының «Ұстаз ұлағаты» және «Ғазиз жүрек» атты қос кітабы оқырманға жол тартты.



«Ұстаз ұлағаты» кітабында автор әдебиет теоритигі академик Зейнулла Қабдоловтың әдебиет теориясы, оның ең бір нәзік тұстары туралы айтқан толғаулы пікірлерін талдайды. З.Қабдоловтың адами қасиеттерін жан-жақты аша отырып, шығармашылық, ғалымдық портретін жасап, қазақ әдебиет тануындағы Қабдолов тану мәселесіне сүбелі үлес қосқан.

«Ғазиз жүрек» кітабында автордың кісілік қарым-қатынас, достық пен сүйіспеншілік, қуаныш пен қайғы, жеңіс пен жеңіліс туралы эссе-толғаныстары, ғылыми мақалалары жинақталған. Сонымен бірге сүйген жары Салтанат Арон-Рашитқызының күнделік-жазбалары, Бағдат Кәрібозұлы туралы әр жылдары жазылған достары, әріптестері, бауырлары

мен шәкірттерінің естелік-эсселері енгізілген.

Сөздің қуаты, естелік-эсселердің құндылығы сонда оқырман шынайы сезімдер мен ой-пікірлердің шымырлығына куә болады. Әрбір оқырманның жүрегіне жол тауып, рухани серпіліс берет бұл кітап адамзат баласы үшін мәңгілік құндылық болып саналатын адамгершілік пен парасаттылықты, ізеттілік пен ізгілікті насихаттайды.

Қос кітап та әдебиеттану салаларының зерттеу-шілеріне, жалпы оқырман қауымға арналған.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)
экономика — 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)
жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба еңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор Сара АДАЙБАЕВА

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 22028

Тапсырыс №1803